

МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ӘРІПТЕСТЕР!

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игіліктерді сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекеттігімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



«ЖАҢА АЛМАТЫ»:
ЖАҢА
КӨКЖИЕКТЕР

4

#QAZAQSTAN30



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ
МЕН ҮШІН
МАҢЫЗЫ...

6

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



ВАКЦИНА САЛҒЫЗУ
МАҢЫЗДЫ!

10

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



www.almaty-akshamy.kz



МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №77 (6053) 26 маусым, сенбі, 2021 жыл.

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАРШЫСЫ

Мемлекет басшысының құттықтауы

Құрметті журналистер, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері!

Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Ақпарат саласы – қоғамдық пікір қалыптастыратын маңызды сала.

«Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» ретінде елге адал қызмет ету – әр журналистің абыройлы міндеті.

Сіздер қашанда ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, ел қамы үшін қалам тартып жүрсіздер.

Мемлекетшілдік құндылықты дәріптеп, жасампаздық пен жақсылықтың жаршысы болып келесіздер.

Ақпарат саласын дамытуға мемлекет тарапынан қашанда ерекше көңіл бөлінеді.

Өз кәсібінің майталманы болған қарымды журналистерге қолдау көрсетіледі.

БАҚ саласындағы дәстүрлі Президент сыйлығы – соның бір көрінісі.

Оның иегері атанған азаматтардың есімі қазақ журналистикасының жылнамасына жазылатыны сөзсіз.

Жыл сайын ең таңдаулы журналистерге берілетін марапат осымен жиырма бесінші рет табысталып отыр.

Бұл сыйлыққа қастерлі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында ие болудың да символдық мәні бар.

Сіздер егемендік жылдарында ұрпақтың бойына азаттық рухын сіңіруге зор үлес қостыңыздар.



Мен мемлекет пен қоғамның ортасында алтын көпір болып жүрген журналистердің еңбегін жоғары бағалаймын.

Әрқайсыңыз шынайы ақпарат таратудың жауапкершілігін сезініп, ұлттық мүдденің биігінен көріне береді деп сенемін.

Соңғы кезде радио қызметкерлерінің кәсіби мерекесі жоқ екені жиі айтылып жүр.

Мен Қазақ радиосының 100 жылдығы

аясында 1 қазанды Радио қызметкерлері күні деп ресми түрде бекіткен жөн деп санаймын.

Еліміз берекелі бірлік пен ырысты ынтымақтың арқасында өсіп-өркендей түссін! Журналистер жағымды жаңалығымен жұртшылықты қуанта берсін!

Баршаңызға шығармашылық шабыт, толағай табыс тілеймін!

Мереке құтты болсын!

ҚИЫНДЫҚТАРДЫ ЕҢСЕРЕМІЗ

Алматыда тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдай қамтамасыз етіледі



Кеше Нұр-Сұлтандағы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың журналистермен кездесуі болды.

Коронавирустық пандемия салдарынан онлайн форматта өткен баспасөз конференциясында шаһар басшысы қалада атқарылған жұмыстар туралы есеп беріп, мегаполистің болашақтағы даму жоспарлары жайлы әңгімеледі. Эпидемиологиялық жағдай, ШОБ-ты қолдау және дағдарысқа қарсы қабылданған шаралар, инвестициялар, креативті индустрия, туризмді дамыту, реновация, нүктелі құрылыс, экология және халықтың белгілі бір топтарын әлеуметтік қолдау мәселелері қамтылды.

Әкім бұл кездесудің Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні қарсаңында өтіп отырғанының символикалық мәнін атап өтіп, барлық журналистерге шығармашылық табыс, сәттілік және денсаулық тіледі.

(Жалғасы 2-3-4-5-беттерде).

ҚЫСҚА-НҰСҚА

- Мемлекет басшысы БАҚ қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтады.
- Қала әкімі Б.Сағынтаев мегаполисте коронавирустың үндіштамының тіркелуіне байланысты шектеу шаралары күшейтілетінін айтты.
- Қалада бір тәулікте 10 мыңға жуық адам вакцина алды.
- Биыл мегаполисте екі метро бекеті іске қосылады.
- «Алматы жастары» бағдарламасы: Биыл 900-ге жуық пәтер беріледі.
- Қалада тозығы жеткен 708 үй сүріледі.



(Басы 1-бетте)

ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Бақытжан Сағынтаев өзінің есебін пандемияның қатаң сын-көтерлері салдарынан, осымен екі жыл бойы белең алған күрделі жағдайға байланысты қиын шешімдер қабылдауға тура келген мәселелерден бастады.

Бүгінде Алматыдағы эпидемиологиялық жағдай тұрақтанды. Айдың басынан бері сырқаттану деңгейі 2 есе азайды. Соңғы тәулікте коронавирустық инфекция жұқтырудың **181** жағдайы тіркелді, тәуліктік өсімі – **0,2 пайыз**. Инфекциялық стационарларда **604** пациент ем қабылдауда.

Сырқаттанушылықтың төмендеуі – дер кезінде қабылданған шектеу шараларының, белсенді жүргізілген вакциналау науқанының және мониторингтік топтардың білікті жұмысының нәтижесі. Осы ретте ASHYQ жүйесін енгізу де оң әсер еткенін айта кеткен жөн.

Алматы республика көлемінде вакциналанғандардың саны бойынша көш бастап тұр, қазірдің өзінде қалада 430 мыңнан астам адам екпе алды. Қала тұрғындарының ұжымдық иммунитеті 34%-ға бағаланады, вакциналанғандардың саны қала халқының 16%-ын және ауырып жазылған адамдардың 5%-ын құрайды.

Бүгінгі күні қалада 208 егу пункт жұмыс істейді. 1256 медицина қызметкерінен құралған 307 егу бригадасы жұмылдырылған.

Сонымен қатар, карантиндік шараларды бұзушыларды анықтау бойынша да белсенді жұмыс жүргізілуде. Мониторинг топтары 2,8 мыңнан астам рейд жүргізді, 26,5 мың нысан қамтылды, карантиндік шаралар бұзылған 2,4 мың нысан анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Бақытжан Сағынтаев қала экономикасындағы бүгінгі жағдай туралы егжей-тегжейлі айтып, қабылданған дағдарысқа қарсы шаралардың арқасында оның құлдырауына жол берілмегенін атап өтті.

5 айдағы қысқа мерзімді экономикалық индикатор **107,8%** құрады (*ҚР бойынша – 102%*). Өнеркәсіпте 19,7%-ға өсу қамтамасыз етілді, құрылыс 24,7%-ға, байланыс қызметтері – 13,4%-ке ұлғайды, сауда – 4,7%-ға өсті. Тұрғын үйді пайдалануға беру 13,3%-ға өсті, 570 мың шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Негізгі капиталға инвестициялар 32,7%-ға өсіп, 355,4 млрд. теңгені құрады. 1,1 трлн. теңге салық жиналды. Жыл басынан бері мамыр айында инфляция 3,4%-ды құрады, бұл республика деңгейінен төмен.

ЖАҢА ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Шаһар басшысы өз сөзінде Мемлекет басшысының қолданыста бар жұмыс орындарын сақтау және жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі тапсырмаларын орындауды басты міндеттердің бірі ретінде атап өтті.

5 айда қалада 31 мыңнан астам жұмыс орны құрылды, бұл жоспарланған меженің 61%-ы. Өз бизнесін ашу үшін **жұмысқа орналаспаған 200** азамат 583 мың теңгеден (*200 АЕК*) өтеусіз гранттар алды, жылдың соңына дейін тағы **800** адам осындай көмек алады.

Қысқа мерзімді курстарда **1 мыңнан астам** адам қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өтеді.

1-ші тоқсанда жұмыссыздық

деңгейі 2020 жылдың 4-ші тоқсанымен салыстырғанда төмендеді.

Шағын және орта бизнесті қолдау үшін салықтарды, жалдау ақысын төлеуден босату, неснелер бойынша пайыздық мөлшерлемені кейінге қалдыру және субсидиялау сияқты **дағдарысқа қарсы шаралар** қабылданды.

Жыл басынан бері «Бизнестің жол картасы–2025», «Еңбек», «Қарапайым заттар экономикасы», «Алматы Бизнес» бағдарламалары бойынша **86** млрд. теңге болатын **1 мыңнан астам** жоба мақұлданды.

Бақытжан Сағынтаев Алматы инвестиция тарту орталығы болып қала беретінін атап өтті.

2021–2024 жылдарға **35,4** мың жұмыс орнын құра отырып, **4,5** трлн. теңгеге **201** инвестициялық жобадан тұратын пул қалыптастырылды.

Биыл жалпы жобалық құны

ҚИЫНДЫҚТАРДЫ Алматыда тұрақты әлеуметтік-экономикалық

314,5 млрд. теңге болатын **84** инвестициялық жобаны пайдалануға беру жоспарлануда. 10 мың жұмыс орны құрылады. 57,6 млрд. теңгеге 16 әлеуметтік жобалар қолға алынбақ.

Олардың ішінде **якорлік жобалар** бар. Жақын арада **халықаралық әуежайдың жаңа терминалының** құрылысын бастау жоспарлануда. Жаңа терминал салынғаннан кейін жолаушылар ағыны жылына 6 млн. адамға көбейіп, өткізу қуаты – 2,5 есеге артады.

Елбасы тапсырмасы бойынша Самұрық-Қазына қаражаты есебінен Алатау ауданында 350 орынға арналған Ұлттық инфекциялық аурулар ғылыми орталығы салынууда. Қыркүйек айында де **Монтфорт–Қазақстан Британ университетінің филиалы** ашылады. 5 жылда инвестиция көлемі 50 млн. АҚШ долларын құрайды.

«Алатау» инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында **2 мың студентті** оқыту үшін Nazarbayev University-імен «**Жасанды интеллект мектебі**» және «**Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласында зерттеулер жүргізуге арналған зертхана**» жобаларын іске асыруды жоспарлап отырмыз.

Кореялық әріптестерді тарта отырып, **халықаралық клиника** және австриялық VAMED компаниясымен бірлесіп **көпбейінді аурухана** салу мәселесі пысықталуда.

ЭКОНОМИКАНЫҢ ДӘСТҮРЛІ САЛАСЫ: ӨНЕРКӘСІП

Қала әкімі жұмыспен қамту бағдарында **экономиканың дәстүрлі салаларын** қалпына келтіру маңызды екенін айтты.

Өнеркәсіптік саланы қолдау аясында қалада **Индустриялық аймақты** дамытуға айрықша маңыз берілуде. Жыл соңына дейін 40,3 млрд. теңге сомасына **9 жоба** іске қосылады, 823 жұмыс орны құрылады.

Шағын кәсіпорындар үшін Индустриялық аймақта орта есеппен 5 мың шаршы метрден

болатын шағын өнеркәсіптік парктер – өндірістік үй-жайлар салынууда.

Биыл 900 жұмыс орнын қамтитын 4 шағын өнеркәсіптік паркті іске қосу жоспарлануда. Шағын өнеркәсіп парктерінің резиденттері үшін жылдық **2%** жеңілдікпен қаржыландыру және **1 шаршы метр үшін 1200 теңгеден** алаңды жалға алу мүмкіндігі беріледі.

«Алатау» инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы белсенді дамуда. Жылдың басынан бері **8 жоба** бойынша өндірістік алаңдарды жобалау басталды. Инвестициялардың жалпы сомасы **44,5** млрд. теңгені құрайды, **1,6** мыңнан астам жұмыс орны құрылады.

Сауда қала үшін маңызды сала болып қала береді. Биыл **81 жаңа заманауи сауда объектісін** іске қосу жоспарланған. **Қаланың онлайн тауар айналымының көлемі 2,3 есе өсті**. Алматы қаласындағы интернет-дүкендердің үлесі ел бойынша жұмыс істейтіндердің жалпы санының 60%-ын құрайды.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯЛАР

Еңбек өнімділігін арттыру және Алматы экономикасының құрылымын өзгерту үшін **цифрландыруды, креативтік индустриялар мен туризмді** дамыту есебінен құрылымдық маневр жасалуда.

2025 жылға дейінгі цифрландыру стратегиясын, бірыңғай IT-архитектура әзірленді, қаладағы барлық IT-компаниялардың тізілімі жасалды. **Қаланың «цифрлық сынарын»** құру бойынша жұмыс атқарылуда. Басты мақсат – келешекте **Big data** және **жасанды интеллект** негізінде қаланы тиімді басқаруға ұмтылу.

Биыл жеке инвестициялар есебінен **француздық Академик Уан** бағдарламалау мектебі іске қосылады, мектеп 2 мыңға дейін IT-мамандарды даярлайды.

Алматыны «смарт-сити» ретінде дамыта отырып, **креативтік индустриялардың дамыған**

секторын құру бағытында да бағдарлы жұмыстар жүргізілуде.

Қазірдің өзінде Алматыда **креативті индустрияларда 50 мыңнан** астам адам жұмыс істейді. Бізде 4,3 мыңнан астам кәсіпкер және осы бағыттағы 3,6 мың компания тіркелген. Еліміздің креативті бизнесінің жартысынан астамы Алматының еншісінде.

Мәселен, бүгінде қалада күн сайын 700-ге жуық адам айналысатын «Алатау» **креативті хабы** жұмыс істейді. Биыл дәл осындай аналог Медеу ауданында ашылады. Жыл соңына дейін бұрынғы трамвай паркі базасында «**Devo Evolution Park**» салынады. Бұрынғы тергеу изоляторының ғимараттар кешенінің орнына пайда болатын **Креативті индустриялар паркі** осы саладағы ірі нысандардың біріне айналмақ. Осы креативті секторда жұмыс істейтін бизнес үшін «Almaty Finance» және «Алматы Микро қаржы ұйымы» желілері бойынша **жеңілдікті қаржы өнімі** енгізілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша креативті экономиканы дамыту жөніндегі біздің тәжірибеміз бүкіл елге кеңінен таралады.

ТУРИЗМ

Алматы қаласының дамуындағы перспективалық бағыттардың бірі **туризм** болып табылады. Тек бірінші тоқсанда ғана салаға **29,6** млрд. теңге инвестиция салынды.

Қазірдің өзінде **мың шақырым таулы жаяу жолдар** цифрландырылды, **абаттандырылған жолдардың ұзындығы 500 шақырымға** дейін жетті. Қосымша 4 кемпинг аймағын және 3 глэмпинг аймағын құра отырып, **172 шақырым** таулы маршруттарды абаттандыру жүргізілуде.

Биылғы жылы тауларда **тікұшақ алаңын, екі бақылау-құтқару пунктін** ұйымдастыру жоспарда бар, онда **16 құтқарушы тәулік бойы кезекшілік** етеді.

Сондай-ақ, құтқарушылар пультіне «**SOS**» **спутниктік сигналын** беру мүмкіндігі бар шалғай учаскелерде **15** лашық үй салуды жоспарлап отырмыз.

Қазақтелекоммен бірге таудағы **ақ аймақтарды ұялы байланыспен** қамтамасыз ету жобасы пысықталуда. Туристерге хабарлама беру мүмкіндігін арттыру үшін 10 интерактивті терминал орнатылады.

Биыл экологиялық туризм саласында шамамен **26** млрд. теңгеге төрт жобаны іске асыруды бастау жоспарлануда.

ӨМІР САПАСЫН ЖАҚСARTY

Мегаполис әкімі өз сөзінде жайлы қала дегеніміз – ең алдымен сапалы инфрақұрылым екенін атап өтті. Жыл басынан бері Алматыда **40,5 шақырым су құбыры** және **12,5 шақырым канализация желілерін** төсеу жұмыстары жүргізілді. **75** мыңнан астам тұрғыны бар **17 шағын ауданда** коммуникациялар салынуда. Жылдың соңына дейін **170 шақырым** су құбыры және **140 шақырым** кәріз желілерін салу жоспарланған.

Қарғалы өзенінде су жинау құрылғысы салынууда. Ақсай өзенінде осындай объектіні жобалау аяқталуда. Бұл **130 мыңнан астам тұрғынды** сумен үздіксіз қамтамасыз етеді.

Биылғы жылы **601 көшеге жарық орнату** жоспарланған. Жылдың басынан бері **508** көшедегі жұмыстар аяқталды. Нәтижесінде қаланың барлық көшелеріне жарық орнатылады.

49 көшеде орташа жөндеу жұмыстары аяқталды, 41 көшеде әлі де жұмыстар жүргізілуде. Биыл ұзындығы **227,5 шақырым** болатын **225** көшені жөндеу жоспарланған.

Абай даңғылын, Саин, Алатау көшелерін **ұзарту** жұмыстары және **3 жолайырықтың** құрылысы жалғасуда.

Жылдың соңына дейін **екі метро станциясы** (*Сарыарқа және Достық*) бойынша құрылыс жұмыстарын аяқтап, **техникалық іске қосуды** орындау жоспарланған.

2020–2024 жылдарға арналған «**Жаңа Алматы**» кешенді даму жоспарын іске асыру жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Жыл сайын бұл бағдар шамамен 200





млрд. теңге көлемінде қаржылан-дырылады.

Бүгінде Жоспар аясында қала шетіндегі көлік, бизнес және әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту бойынша **286 жоба** іске асырылуда.

ТҮРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ: ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕР

Бақытжан Сағынтаев, сондай-ақ, мегаполистегі маңызды мәселелердің бірі болып тұрғын үймен қамтамасыз ету тақырыбы да күн тәртібінде қала беретінін атап өтті.

Жыл соңына дейін 2 миллион 604 мың шаршы метрден астам тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр. Оның ішінде мемлекеттік бюджет есебінен – 248,5 мың шаршы метр немесе 3266 пәтер үлестірілмек.

Биыл «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде 800-ден астам алматылықты баспанамен қамтамасыз етуге мүмкіндік

«Қала аумағының сәулеттік келбетін қалыптастыру және қала құрылысын салу» Ережесі дайындалды. Негізгі идеясы – Алматы қаласының тарихи келбетін сақтау және қалпына келтіру, қала құрылысына қойылатын негізгі талаптарды белгілеу.

Мысалы, халықтың тығыздығы тарихи орталықта гектарына 300 адамнан, ал басқа аудандарда 440 адамнан аспауы керек. Орташа тұрғын үй көлемі 1 адамға 18–25 шаршы метрден кем болмауы қажет. Аула кеңістігінде құрылыс жүргізудің алдын алу үшін бір адамға шаққанда 10 шаршы метр мөлшерлемен енгізілді. Оның аумағының төрттен бір бөлігі абаттандырылуы керек.

«Қадамдық қолжетімділік» қағидасына сәйкес, дамуды жоспарлау кезінде құрылысқа жауапты мердігерлер жақын жерде балабақшалардың, мектептердің, емханалар мен полиция учаске-

қатарынан жүргізіліп келеді. Қазірдің өзінде 480 мың түрлі тұқым көшеттері отырғызылды. Жыл соңына дейін 300 мыңнан астам жас көшеттерді отырғызу жоспарланып отыр. Әр ағашқа электрондық паспорт орнатылған жасыл желектердің тізілімі құрылды. Жүйе жалпыға қолжетімді болады. Сондай-ақ, биыл ағаш отырғызуға және кесуге рұқсат беру процесі де іске қосылмақ.

Экологиялық мәселелер бойынша азаматтық қоғаммен байланыс орнатылған. Іскерлік кеңес шеңберінде жұмыс тобы құрылған. Оның құрамына экологтар, сарапшылар және белсенділер кіреді.

АДАМ КАПИТАЛЫН ДАМУ

Алматы қаласының әкімі өз баяндамасында денсаулық сақтау жүйесін дамыту мен жаңартуға ерекше тоқталды. Биыл Балаларға жедел медициналық көмек көр-

ылуда. Алматыда жалпы кон-тингенті 288 887 оқушыны құрайтын 278 мектеп жұмыс істейді. Олардың 207-сі – мемлекеттік, 71-і – жекеменшік. Бүгінгі таңда 8 мемлекеттік, 6 жекеменшік мектептің, 17 қосымша құрылыстың жұмыстары жүргізілуде. Бұл шаралар жыл соңына дейін 21 мыңнан астам жаңа оқушы орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Қалада мектепке дейінгі мекемелерде орын тапшылығын азайту мақсатындағы жұмыстар да жүйелі жалғасуда. Бүгінде Алматыда 65 962 баланы қамтитын 832 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді.

Мектепке дейінгі мекемелерде орын тапшылығын төмендету бойынша жұмыстар жалғасуда. Бүгінгі күні 4 мемлекеттік балабақшаның құрылысы басталды. Жыл басынан бері 30 жекеменшік мектепке дейінгі ұйым ашылды, тағы 35-ін ашу жоспарлануда. Мемлекеттік тапсырыс 397 мектепке дейінгі ұйымдарда орналастырылған.

Үкімет Алматы қаласы әкімдігінің жекеменшік балабақшалардағы қосымша қызметтер үшін ата-ана төлемін бюджет қаражатынан ішінара өтеу туралы ұсынысын қолдағандықтан, мемлекеттік шығармашылық тапсырысты жан басына нормативтік қаржыландыру жобасы іске асырылатын болды. Бұл 4 жастан 17 жасқа дейінгі балаларға спорттық секциялар мен шығармашылық үйірмелерге тегін қатысуға мүмкіндік береді. Биыл 4,2 мыңнан астам адамды тегін үйірмелермен қамту жоспарланған.

Дәл осындай тәсіл спорт секцияларына да қатысты. Спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін жыл соңына дейін Жетісу, Алатау, Медеу және Түрксіб аудандарында 6 дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынады.

Жеке қаражат есебінен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аумағында теннис орталығы іске қосылды. («Жан досым»). Бюджеттен тыс қаражат есебінен тағы 5 ірі спорт нысанының құрылысы жалғасуда.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Қала әкімі әлеуметтік осал азаматтарды қолдау бойынша барлық міндеттемелер толық көлемде орындалып жатқанын айтып өтті. Аталған топта 124 мыңға жуық алматылық бар. Бұл мақсатты іске асыру үшін 24,8 млрд. теңге бөлінді.

Айдың басында ашылған Әлеуметтік қызметтер үйінде алматылықтар «бір терезе» қағидаты бойынша әлеуметтік қызметтің барлық түрін ала алады. Бір жерде бірнеше мемлекеттік мекемелер – әлеуметтік қамсыздандыру, тұрғын үй саясаты басқармасы, жұмыспен қамту орталығы, Азаматтарға арналған Мемлекеттік корпорация, зейнетақы қоры, медициналық-әлеуметтік сараптама, кәсіпкерлікті қолдау орталығы, «Атамекен» және «Отбасы Банкінің» 776 қызмет түрі көрсетіледі. Бүгінгі таңда Әлеуметтік қызмет көрсету үйіне күніне 500-ден астам адам келеді.

Сондай-ақ 150 орынды оңалту орталығын, өткізу қабілеті тәулігіне 500 адамға дейін болатын мүгедек адамдарға арналған спорт кешенін салу жоспарланып отыр.

Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының бұрынғы ғимаратын психоневрологиялық патологиялары бар адамдарға арналған көпсалалы оңалту орталығына айналдыру қарастырылып жатыр. Келесі жылы бос тұрған Балалар

үйінің (Қонаев көшесі, 127) ғимаратын туғаннан бастап мүгедек балаларға көмек көрсету үшін «Ерте араласу» орталығы ретінде қайта жаңғырту қолға алынады.

Психоневрологиялық патологиясы және тірек – қимыл аппараты бұзылған мүгедек балалар мен ересек тұрғындар үшін Әлеуметтік қызметтер орталығын құруға Жобалық-сметалық құжаттама әзірлену үстінде.

Өткен жылы аз қамтылған отбасы балаларына арналған «Шыңға өрлеу» жобасы бастау алды. Қала аудандарын толық қамтыған жобаның 10 бөлімшесі жұмыс істеп тұр. Ағымдағы жылы 1,2 мыңнан астам бала оқытылды. Мүгедек жандарды жұмысқа орналастыру үшін өткен жылдан бастап «TenQogam» әлеуметтік қолдау жобасы іске қосылды (жыл басынан бері 156 адам көмек алды).

Бүгінде «Бақытты отбасы» орталықтары аз қамтылған және көп балалы отбасыларға кешенді көмек алудың бірыңғай алаңына айналды. Қазір олардың саны – 9. Биыл орталық қызметін 24 мыңнан астам адам пайдаланды. «Белсенді ұзақ өмір сүру» жобасының 9 орталығы жұмыс істейді. Онда 23,4 мыңнан астам зейнеткер тіркелген. Сондай-ақ «ISKER ANA» әйелдер кәсіпкерлігін дамыту бағдарламасы жүзеге асырылуда. 2020 жылдан бастап өтеусіз гранттар ұтып алған 776 әйел өз кәсібін ашты.

Жыл басынан бері «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша жылдық 2%-бен несиеге тұрғын үй сатып ала алатын отбасылар саны 3,7 есеге өсті.

Жергілікті бюджеттен тұрғын үй сертификаттарына бастапқы 1 млн. теңге жарнаны өтеу үшін қайтарымсыз негізде 2 млрд. теңге бөлінді. Оларды көпбалалы отбасылар, мүгедек балалары бар отбасылар, ата-анасыз қалған жетім балалар, сондай-ақ «Бақытты отбасы» және «Шаңырақ» бағдарламалары аясында 1 және 2 топтағы мүгедектер пайдалана алады.

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫН ДАМУ

Алматы – алып мегаполис және ел экономикасының локомотиві. Мегаполис алдында тұрған сын-қатерлер қаланың орталығы үшін ғана емес, жалпы «Үлкен Алматы» үшін де өзекті. Қала орталығы мен қала маңындағы өңірлер тығыз байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Алматы агломерациясының 4 пилоттық жобасын іске асыру басталды. Оларға экологиялық жағдайды жақсарту, көлік жүйесін дамыту және көлік моделін әзірлеу және Төтенше жағдай тәуекелдерін азайту мен Шағын және орта бизнесті дамыту кіреді.

Кездесуді қорытындылай келе, Бақытжан Сағынтаев коронавирус кезеңінің барлық қиындығына қарамастан, қалада тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдай қамтамасыз етілетінін мәлімдеді. Әлеуметтік саясат, ең алдымен, халықтың осал топтарын қолдауға бағытталған. Сондай-ақ, ол қала билігі экология, көлік, қала құрылысы мәселелерін шешуге және қаланың сәулеттік келбетін жақсартуға бел бұғанын атап өтті. Осы мәселелерді шешуде әрдайым қала тұрғындарының пікірі ескеріледі.

Онлайн-кездесу соңында Бақытжан Сағынтаев журналистердің сұрақтарына жауап берді.



ЕҢСЕРЕМІЗ

жағдай қамтамасыз етіледі



берген «Шаңырақ» пилоттық жобасы іске қосылды.

2017 жылдан бері «Алматы жастары» бағдарламасы жұмыс істеп келеді. Аталған бағдарламаға жыл сайын 1 мың жастар қамтылып отырады. Ал жыл басынан бері 116 отбасы баспаналы болды.

Баршаға мәлім, Алматыда тозығы жеткен баспана мәселелері бар. Сонымен бірге, қала әкімдігі тарихи бірегейлікті сақтауды әрдайым назарда ұстайды. Қала келбеті үшін бұл нөмірі бірінші маңызды мәселе деп атап өтті әкім. Сол себептен, тұрғын үй қорын жаңғырту бағдарламасы қабылданды.

Бағдарлама бойынша 708 тозығы жеткен үйді немесе 6637 пәтерді бұзу, 34 605 пәтерге арналған 683 үй салу көзделген. Бағдарлама жөнделетін пәтер иелерінің толық келісімімен, меншік құқығына кепілдік бере отырып жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, Алматыда нүктелі және тығыздалған құрылыс мәселесі – ең көп талқыланған мәселелердің бірі болып қала береді. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмаларын орындау мақсатында жүйелі шешім қабылданып,

лерінің болуын қамтамасыз етуі тиіс.

Тарихи орталықта міндетті талаптар енгізілген. Атап айтсақ, тарихи ғимараттарды қалпына келтіру және сақтау; жақын орналасқан ғимараттарға бағдарланған қабаттардың санын шектеу; тарихи ғимараттарды бұзуға, сондай-ақ кәсіпкерлік нысандары үшін оларға қосымша құрылыс салуға тыйым салу; қасбеттер мен олардың бүтіндігін бұзуға тыйым салу.

ЭКОЛОГИЯ

Бақытжан Сағынтаев қаланың экологиялық жағдайын жақсарту бойынша қандай жұмыстар жүргізіліп жатқаны туралы айтты. Мегаполис үшін ең бірінші әрі аса маңызды қадамдардың бірі – Жылу Энерго Орталығын газға көшіру. Оның құрылыс-монтаж жұмыстары 2022 жылы басталып, 2025 жылы аякталады деп күтілуде.

Экомониторинг жүйесін дамыту аясында 9 экобекет орнатылуда. Жыл соңына дейін тағы 10 экобекет кезең-кезеңмен жұмыс істей бастайды.

3 жылда 1 миллион ағаш отырғызу бойынша «Жасыл Алматы» бағдарламасы екі жыл

сету орталығы мен Жедел әлеуметтік көмек көрсету бекетіне арналған операциялық блогы бар қабылдау бөлімінің жаңа ғимаратын салу жоспарлануда. Құлжа трактіндегі ауруханалық кластерде ЖИТС (СПИД) орталығы бар Онкологиялық орталық пен паллиативтік көмек көрсету орталығын салу жоспарланған. Биыл «Қадамдық қолжетімділік» тұжырымдамасы аясында әрқайсысы 200 орынға арналған төрт отбасылық-дәрігерлік амбулатория салу көзделіп отыр.

Алматы қаласының медициналық ұйымдарында кадр тапшылығын жою жобасы бекітілді. Өте тапшы дәрігерлік мамандықтар бойынша резидентурада дәріс алу үшін 120 грант бөлінеді. Біліктілікті арттыру аясында 5 айда 1253 дәрігер мен медбике, сондай-ақ егу пункттерінде жұмыс істеу үшін мыңға жуық ерікті оқытылды.

Медицина қызметкерлерін қолдау үшін ынталандыру төлемдері мен жалақыға үстемеақылар берілген. Сондай-ақ, жас медиктердің «Алматы жастары» бағдарламасына қатысуына мүмкіндіктер жасалған.

Шаһарда білім саласы бойынша да ауқымды жұмыстар атқа-



Динара
МУРАТ

Алматы қаласының әкімі Бакытжан Сағынтаев ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында журналистердің сұрақтарына жауап беру барысында қала аумағының сәулеттік келбетін қалыптастырудың және қала құрылысын жоспарлаудың жаңа талаптары туралы айтты.

Әлеуметтік нысандардың қадамдық қолжетімді болуы үшін құрылыс салушы құрылыс кезінде 1 мың адамға шаққанда 100 орыннан кем емес балабақша, 1 мың адамға шаққанда 180 орыннан кем емес мектептер, емханалар және полиция пунктерін салатын орындарды қарастыруға тиіс.

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ТӨМЕНДЕЙ МЕ?

Бакытжан Сағынтаев журналисттің азық-түлік бағасын тұрақтандыру жайындағы сұрағына жауап бере отырып, қолға алынған нақты шаралар туралы айтып өтті.

«Әлеуметтік мыңызы бар азық-түлік бағаларын бақылауды біз бұрыннан қолға алған болатынбыз. Мысалы, былтыр біз айналымды жүйені енгіздік, яғни біз ірі сауда нысандарына немесе өндірушілерге жеңілдікті несиелер беріп, сол арқылы олар бағаны көтермеуге кепілдік береді. Өкінішке қарай, маусымдар аралығында картоп, сәбіздің, жалпы, көкөніс бағасының күрт артқанын байқап отырмыз. Қазір біз азық-түліктің біраз түрін жеткізетін Түркістан облысымен, қант мәселесі бойынша Алматы облысымен келіссөз жұмыстарын жүргізіп, бағаны шарықтатпау жолында қолдау көрсетілетін болды», – деді Б.Сағынтаев.

Сонымен, қабылданған жедел шаралар аясында «Магнум» ірі сауда желілеріне жеңілдетілген қарыздар берілді. Сонымен қатар, «айналым» несиелерін беру арқылы ірі тауар өндірушілердің сату бағалары белгіленді. Мәселен, нан жеткізу үшін «Ақсай» НТК» ЖШС-ға, сиыр еті мен тауық етін В, С сыныптағы дүкендерге белгіленген бағамен жеткізу үшін «Union Products» ЖШС-ға қарыз берілді.

«Айналым» сызбасына басқа да ірі тауар өндірушілерді тарту қосымша пысықталуда. Осылайша қазіргі уақытта 3 жыл мерзімге белгіленген шекті баға бойынша 49,6 млн. жұмыртқа жеткізуді ұйымдастыру үшін «Алсад» ЖШС-ға «айналым» заемын беру мәселесі пысықталды.

Сондай-ақ, сиыр етін В, С сыныптағы дүкендерге белгіленген баға бойынша жеткізуді ұйымдастыру үшін «Асыл Meat» ЖШС-ға 2022 жылдың маусымына дейін қарыз берілді.

Сонымен қатар, 2021 жылы жоспарланған «айналым» қарызы аясында сөреде белгіленген шекті бағасы бар «Ақсу Қант» ЖШС-нан «Магнум» сауда желісіне 500 тонна қант жеткізілуде және егіннен 3000 тонна қант жеткізу ұйымдастырылады.

Қаланың негізгі 7 азық-түлік базарында (Көк базар, «Жаңа Ақбұлақ» (көтерме сауда), «Сары-Арқа», «Тастак», «Таусамалы», «Алматы-1», «Түрксіб») «Әлеуметтік дүкендер» жұмыс істейді. Онда ӘМБТ-ның 10 түрі (картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат, қант, қарақұмық, күнбағыс майы, күріш, макарон, ұн) сатылады. Белгіленген бағалардың орташа



«ЖАҢА АЛМАТЫ»: ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕР

нарықтық бағадан төмен болғандығы сатушылар арасында бәсекелестік орта қалыптастырады.

Бұдан басқа, 2020-2021 ж.ж. маусымаралық көкөністер құрылымының оң нәтижелері аясында 2021-2022 ж.ж. маусымаралық (2021 жылғы қыркүйектен 2022 жылғы сәуірге дейін) «Магнум» көкөністерімен және басқа да сауда желілерімен қамтамасыз ету үшін 2,5 млрд. теңгеге көкөніс көлемінің 22 мың тоннаға дейін ұлғаюымен форвардтық сатып алу шарты жасалды.

Республика бойынша «форвардтық» шарттар шеңберінде барлығы 38 мың тонна көкөніс сатып алынды, оның 60%-ы Алматы қаласына тиесілі.

Ағымдағы жылдың 30 маусымына дейін бірінші санаттағы жұмыртқаларға шекті баға қолданылады (10 жұм. – 487 теңге). Сондай-ақ, ақ қырыққабатқа 1 кг – 83 теңге мөлшерінде 30 күн мерзімге шекті баға белгілеу пысықталуда.

Жалпы, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру мәселесі ерекше бақылауда қалып отыр.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК – ТАЗА ЭКОЛОГИЯ

Алматыдағы экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу мен Алматы қаласындағы экологиялық жағдайды 2025 жылға дейін жақсарту жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспары әзірленді.

«Жалпы қаламызда 600 мыңға жуық автокөліктер күнделікті жүреді. Оған қоса, 200 мыңдай көлік сырттан кіреді. Сондықтан біз облыстарды біріктіретін жолдар торабын босатуды, Талғар мен Қаскелеңді электр пойызымен байланыстыруды ойластырып жатырмыз. Алматы – Талғар арасындағы көлік ағынын жеңілдету үшін қалалық, облыстық ҚТЖ-мен бірлескен жұмыстар жүргізуіміз», – деп түсіндірді қала әкімі.

Қоғамдық көлікті отынның экологиялық таза түріне көшіру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Қоғамдық көлік жүйесінде 2441 автобус бар. Соның ішінде 1715 автобус (75%) дизель отынымен жүреді. Әкімдік дизель және бензин отынымен қоғамдық көлік сатып алуға

тыйым салу туралы шешім қабылдады. Барлық қолданыстағы келісім-шарттар тек газбен жүретін автобустарды жеткізуге бағытталған.

Барлық қалалық автобустарды газ бен электр энергиясына көшіру жұмыстары басталды. 2020 жылы газ отынымен 150 автобус сатып алынды. 2021 жылы қалалық қоғамдық көліктің 500-ге жуық бірлігін газбен және электр қуатымен сатып алу жоспарлануда.

Сонымен қатар, биыл қалаға кіреберісте 19 экологиялық бекет орнату бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде 9 экобекет орнатылған, қалған 10 бекет биылғы жылдың күзіне дейін кезек-кезеңімен орнатылады.

Стационарлық көздерден шығарындыларды азайту бойынша шаралар жоспарлы түрде қабылданды. Мәселен, 2-ЖЭО бойынша газға ауыстыру мәселесі шешілді. 3-ЖЭО бойынша ТЭН әзірлеуді жобалау ұйымын анықтау бойынша конкурстық рәсімдер жүргізілуде. Ал ЖЭО-1 2017 жылы газға көшірілді.

Қала тұрғындарын мегаполистің түрлі бөліктерінде ауа сапасы туралы ақпараттандыру жобасы іске қосылды. Қаланың 49 LED-экранындағы 41 датчиктен, сондай-ақ «Алматы» телеарнасынан келіп түседі. Деректер күніне үш рет жаңартылады.

Биылғы жылы ауа мониторингі бойынша қосымша 60 датчик орнату жоспарлануда. Барлық деректер ақпаратты жинақтауға, талдауға және өңдеуге арналған ГАЗ жүйесіне шығарылады. Осылайша қоршаған орта сапасының жағдайын болжау үшін мәліметтер базасы құрылады.

МЕТРО ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАШАН АЯҚТАЛАДЫ?

Бакытжан Сағынтаев қоғамдық көліктердің қала экологиясын жақсартудағы маңызын ерекше атап өтіп, метро құрылысының қарқынына ерекше тоқталды. Б.Сағынтаевтың айтуынша, метро құрылысының мерзіміне пандемия ықпал етті. Соның салдарынан жұмысшылар мен мамандардың жұмысқа шығуы шектелді және шекара жабық болды.

«Метроның бірінші желісінің екінші кезеңіндегі екінші іске қосу кешенінің құрамына енетін

«Сарыарқа» және «Достық» бекеттері ұзындығы 3,1 шақырым метро желісін қамтитын құрылыс жалғасуда. Қазір мұндағы дайындық 80%-ды құрайды. Жыл соңына дейін трафикті тестілік режимде іске қосу жоспарлануда», – деді Б.Сағынтаев.

Бұрын хабарланғандай, 3,1 шақырым метро желісі Абай даңғылы бойымен Алтынсарин даңғылынан батысқа қарай Момышұлы көшесіне өтеді.

Қазіргі кезде бекеттерді ішкі әрлеу, аумақты абаттандыру, сыртқы және ішкі инженерлік желілер мен автоматика жүйелерін жабдықтау, сигнал беру және байланыс, технологиялық жабдықты (тартқыш-төмен түсіретін қосалқы станция, жол қозғалысын басқару жүйесін автоматтандыру, желдету және т.б.) орнату жұмыстары жүреді.

Аталған бекеттерден өзге, 2020 жылы ұзындығы 2,5 шақырымға созылған «Қалқаман» бекеті және жұмыс істейтін тоннельдерді қамтитын Алматыдағы метрополитеннің екінші кезеңіндегі үшінші іске қосу кешенінің құрылысы басталды, оның құрамына Алматы метрополитенінің екінші кезеңінің «Қалқаман» бекеті және ұзындығы 2,5 шақырым кума тоннельдер енеді.

Сонымен қатар, қаланың перспективалық дамуын ескере отырып, батыс бағытта халықаралық әуежайға, солтүстік және оңтүстік бағытта метрополитен салу жобалары қарастырылуда.

Бұдан өзге, 8 жаңа электр пойыз составтары сатып алынууда. Екі бекет іске қосылса, онда жолаушылар ағыны тәулігіне 86 мың адамға артады деп болжануда.

СТАЦИОНАРЛАР ЗАМАНАУИ ҚОНДЫРҒЫЛАРМЕН 100% ЖАБДЫҚТАЛҒАН

Алматы қаласының әкімі Бакытжан Сағынтаев пандемиямен күрес кезінде алматылық бюджетке бөлінген жеткілікті қаражаттың арқасында жаңа модульдік емханалар салынып, медициналық бұйымдар сақадар сай дайын екенін де атап өтті.

«2021 жылға жабдық сатып алуға жергілікті бюджеттен 20 миллиард теңге бөлінді. Инфекциялық стационарлардың жансақтау бөлімдері 100% жабдықталды», – деді Б.Сағынтаев.

2020 жылы республикалық және жергілікті бюджет есебінен Алматы қаласында медициналық ұйымдардың жансақтау бөлімін қайта жабдықтау жүзеге асырылды.

Мәселен, 2020 жылы республикалық бюджет есебінен 562,1 млн. теңгеге 94 дана медициналық құрал-жабдықтар (бұйымдар) – ӨЖЖ аппараты мен оттегі ингаляторлары, қашықтық тепловизорлары және басқалары сатып алынды.

Медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық жабдықтауын жақсартуға жергілікті бюджеттен 43,1 млрд. теңге бөлінді.

ӨЖЖ 285 аппараты, High Flow оттегі жоғары ағымды терапиясы 250 аппараты, 1050 бірліктегі оттегі концентраторы, 47 рентген аппараты, 52 ультратыбыстық аппарат сатып алынды.

Жедел жәрдем қызметінің паркі жаңартылды – реанимациялық жабдықтары бар 135 арнайы көлік сатып алынды.

4,8 млрд. теңгеге 6 оттегі станциясы, 6,3 млрд. теңгеге 10 қалалық ауруханада газ құю компрессорлық станциялары орнатылды.

2021 жылдың 9–13 сәуірі аралығында Дүниежүзілік банкпен 45 ӨЖЖ аппараты алынды.

ЖАҢА ШТАМНАН НЕ ҚОРҒАЙДЫ?

Жақында Алматыда коронавирустың жаңа үнді штамы анықталған болатын. Осыған орай, қала әкімі дайындық жұмыстары мен қорғанудың жалғыз амалы – вакцина екенін айтты.

21 маусымда Алматы 10 күн жасыл алаңда болғаннан кейін «сары аймаққа» оралды. COVID-19 ауруының жоғарылауының басты себебі мутацияланған штамдардың айналымының жалғасуына және жаңа, өте агрессивті «Дельта» штамының пайда болуына байланысты, инфекцияның жоғары деңгейі және инфекцияның тез таралуы.

Сонымен қатар, профилактикалық шаралар мен шектеулердің жеткіліксіз сақталуы салдарынан инфекциялардың өсуі байқалады: сауда объектілерінде – 28%, базарларда – 12%, қоғамдық көліктерде – 18%, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында – мейрамханалар, кафелер, түнгі клубтар, караокеде – 7%.

Вирустық фонды анықтау мақсатында 12–23 маусым аралығында Алматыда мутацияланған штамдардың «нүктелік» ПТР скринингі жүргізілді. Бұл техниканың дәлдігі – 99%. Зерттеуге жеткізілген 97 үлгінің ішінен 63 үлгідегі шифрлар шешілді.

КВИ науқастарының жас құрамын талдау көрсеткендей, 20–39 жас аралығындағы жастардың сырқаттану деңгейі 33%-дан 38%-ға дейін өсуде, бұл осы контингент арасында ерікті вакциналанудың белсенділігінің төмен екенін көрсетеді.

15–19 жас аралығындағы ауру жұқтырған жасөспірімдердің үлесі 4,2-ден 5,4-ке дейін өсті (1,2%). 40 және одан жоғары жастағы азаматтар арасында жұқтырғандардың үлесінің 2,3%-дан 1,4%-ға дейін төмендеуі вакцинацияның негізгі құрамы осы вакциналанудың тиімділігін көрсетті.

Бүгінгі күні қаладағы эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру мақсатында тұрғындарды вакциналау қарқыны күшейтілді, нәтижесінде имундық қабат 34-ті құрайды (вакцинацияның толық курсы алған адамдардың 24%-ы +10% қалпына келтірілді).

Сонымен қатар, мегаполис аумағына инфекция әкелу жағдайларын анықтау және алдын алу алгоритмін сақтауға және қалада «Дельта» штамының айналымына байланысты қаланың халықаралық әуежайы мен теміржол вокзалдарында бақылау күшейтілді.

«Ashyq» жобасын іске асыру және жобаға қатысушылардың талаптарды сақтауын одан әрі бақылау бойынша жұмыстар жалғасуда. Кіреберістегі сканерлеу нәтижесінде 650 тұрғын үшін қызыл, 168 тұрғын үшін сары мәртебе расталды, оларға объектілерге кіруге тыйым салынды.

Мониторингтік топтардың белсенді жұмысы жалғасуда, 2856 рейд жүргізілді, 26 938 объект қамтылды, карантиндік шараларды бұзған 2410 (9%) объект анықталды. 332 млн. теңге сомасында 4548 айыппұл салын-



ды, оның 434-ы заңды және 4 114-ы жеке тұлғаларға тиесілі. Ережені тұрақты бұзушыларға қарсы сот органдарына 75 материал ұсынылды, 38 объектінің қызметі тоқтатылды.

25 маусымдағы жағдай бойынша 402 978 адамға вакцина егілді. Өткен тәулікте 9449 адамға екпе салынды. Жалпы, вакцина егілгендердің 59 590-ы – 60 жас-тан асқандар.

Қалада медициналық ұйымдарда, мектептерде, мәдени және спорт нысандарында, базарларда және қаланың сауда-ойын-сауық орталықтарында 208 вакциналау пункті жұмыс істейді (250-ге дейін ұлғайту екпе бригадасы жұмылдырылды).

ТАУҒА ШЫҒУ ЕНДІ ҚАУПСІЗ

Алматыны дамытудың перспективасы бағыттарының бірі – туризм. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында ғана салаға тартылған инвестиция көлемі 29,6 млрд. теңгені (өсім 2,6%) құрады. Соның ішінде біздің қалада аса дамыған туризм түрі – тау туризмі.

«Соңғы уақыттары тауға шығамыз деп жоғалып, қаза тауып жатқандардың саны артқандықтан, әкімдік, ең алдымен, 15 құтқару үйшіктері мен тікұшақ қону алаңдарын салуда. Құтқару үйшіктерінде қажеттінің барлығы: су, тамақ, дабыл қағу батырмасы болады. Есіктер үнемі ашық болады», – деп түсіндірді қала әкімі.

Қазірдің өзінде мыңдаған шақырым жаяу тау соқпақтары цифрландырылды және ұзындығы 500 шақырымға дейінгі соқпақ абаттандырылды. Қосымша 172 шақырым тау бағыттары абаттандырылып, 4 кемпингтік аймақ пен 3 глэмпингтік аймақ құрылуда.

Биыл Алматының таулы аймақтарында тікұшақ алаңын жасау, 2 бақылау-құтқару пунктін ұйымдастыру жоспарлануда әрі 16 құтқарушы тәулік бойы кезекшілік ететін болады. Сондай-ақ, құтқарушылар пультіне «SOS» спутниктік сигналын беру мүмкіндігі бар шалғай учаскелерде 15 лашық үй салу жоспарланып отыр.

«Қазақтелекоммен» бірге таулардағы «көрінбейтін» аймақтарды ұялы байланыспен қамту бойынша жоба әзірленуде. Туристердің хабардарлығын арттыру үшін 10 интерактивті терминал орнатылады.

ТҮЙІН:

Алматының дамуы туралы онлайн брифингтегі шаһар басшысының есебінде мегаполистің соңғы 5 айдағы көрсеткіштері мен жетістіктері жан-жақты негізделіп, журналистер сұрақтарына нақты жауаптар қайтарылды. Қала әкімінің 30-ға жуық БАҚ өкілдерімен онлайн байланысы екі сағатқа созылды. Осы уақыт аралығында журналистердің барлығы дерлік қанағаттанарлық жауап алды десек, қателеспеген болармыз. Ал уақыттың тапшылығынан үлгермеген жандарға мессенджерлер арқылы жазбаша түрде жауап қайтарылды. Мұның барлығы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының дұрыс жолға қойылып, жүйелі бағдар алғанының белгісі. Себебі, біздің қаламыздың тағдыры жергілікті билік иелерінің ғана мүддесі емес, әкімдік пен халықтың бірлесе көтеретін жүгі.

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫН ДАМУ

Мегаполис алдында тұрған сын-қатерлер қаланың орталығы үшін ғана емес, жалпы «Үлкен Алматы» үшін де өзекті

Оңтүстік
астанада
Мемлекет
басшысы
Қасым-Жомарт
Тоқаевтың
тапсырмасы
бойынша
Алматы
агломерациясының
4 пилоттық
жобасын іске
асыру басталды.

Олар:

- Экологиялық жағдайды жақсарту;
- Көлік жүйесін дамыту және көлік моделін әзірлеу;
- Төтенше жағдай тәуекелдерін азайту;
- Шағын және орта бизнесті дамыту.

ЖАҢА ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ӨСУІ
Алматы агломерациясын дамыту

Алматының стратегиялық дамуын Үлкен Алматы, яғни қала маңымен бірге қала ауқымында қарастырған жөн

Алматы агломерациясының 4 пилоттық жобасы

Экология «Үлкен Алматыдағы атмосфералық ауаны тазарту және экологиялық жағдайды толық жақсарту»	Төтенше жағдайлардың қаупін азайту «Алматы агломерациясындағы тәуекелдерді азайту және төтенше жағдайлардың алдын алу»
Көлік жүйесі «Алматы агломерациясының көлік жүйесі, оның ішінде көлік моделі»	ШОБ-ты дамыту «ШОБ-ты тұрақты дамыту: мақсатты қолдау және көлеңкелі экономика көлемін азайту»

ӨМІР СУРУ САПАСЫН ЖАҚСARTY
Экология және Алматыны «жасыл қала» ретінде дамыту

«Самұрық-Энерго» АҚ ЖЭО-ны газға көшіру бойынша жұмыс жүргізуде 2022 жылы ЖЭО-2 бойынша ҚМЖ –ры басталады ЖЭО-3-ті газға көшіру бойынша ТЭН дайындалуда	«Жасыл Алматы» 3 жыл ішінде 1 млн ағаш 2021 жылдың аяғына дейін 300 мың жас көшеттер отырғызу жоспарланған
9 экобекет орнатылуда тағы 10 экобекет жыл аяғына дейін орнатылады	1 адамды жасыл желекпен қамтамасыз ету көрсеткіші 8,5 м2-қа дейін жеткізіледі
Азаматтық қоғаммен өзара байланыс орнатылды	Жасыл желектер тізілімі: • әр ағашқа электронды паспорт жасалған • ағаш отырғызу мен кесуге рұқсат беруді автоматтандыру • жүйе ашық қолжетімді болады

ЖАҢА ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ӨСУІ
Жаңа салалар. Туризм

Туризмге инвестициялар 2021 ж. 1 шаршы метр үшін 29,6 млрд теңге 2,6% өсім	Шалғай аймақтардағы 15 лашықтың құрылысы құтқарушылар пультіне «SOS» спутниктік сигналын беру мүмкіндігі
1 мың км цифрландырылған таулы жаяу жолдар	Таудағы ақ аймақтарды ұялы байланыспен қамту жоба «Қазақтелеком» АҚ бірге іске асырылады
500 км абаттандырылған жолдар	Экологиялық туризм саласына 25,9 млрд теңгелік 4 жоба • Medeu Resort 5* • Butakovka Med 4* • Medeudeti эко-глэмпинг 4* • «Қазақ ауыл» қонақ үй кешені бар эко-глэмпинг
172 шақырым тау маршруттарын абаттандыру жұмыстары жүргізілуде 4 кемпинг аймағы және 3 глэмпинг аймағы	
2021 жылы тауларда ұйымдастырылатын болады: • тікұшақ алаңы • 16 құтқарушы тәулік бойы кезекшілік жасайтын екі бақылау-құтқару пункті	

ЖАҢА ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ӨСУІ
ШОБ қолдау және дамыту

ШОБ қолдау үшін дағдарысқа қарсы шаралар қабылданды:

- салық төлеуден босату
- жалға алу төлемдерінен босату
- кредит төлемі кейінге шегерілді
- кредит бойынша проценттік мөлшерлемені субсидиялау

86 млрд теңгеге 1 мыңнан астам жоба мақұлданды:

«Бизнестің жол картасы-2025» 64,5 млрд теңге кредит сомасына 983 жоба	«Еңбек» 241,1 млн теңге сомасына 13 жоба
«Қарапайым заттар экономикасы» 15,8 млрд теңге сомасына 8 жоба	«Almaty Business» 2,5 млрд теңге сомасына 35 жоба



#Qazaqstan30

Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...



Айбек ҚАЛМУҚАН,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Алматы қаласы бойынша
Педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін
арттыру институтының бас
маманы:

– Мен – Тәуелсіз Қазақстанның құрдасымын, яғни 30-ға толдым. Бүгінде егеменді еліммен бірге жасасып келе жатқанымды мақтан етемін.

Анамның ісін жалғап, ұстаздықты таңдадым. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, келешегіміз жарқын болуы да білімге байланысты. Институтқа IT-маман болып жұмысқа қабылданғаным да біраз болыпты. Былтыр еліміздегі төтенше жағдайға байланысты қашықтан оқыту үлгісіне көшкен тұста институттың аға оқытушылары мен тренерлеріне тиімді порталдарда жұмыс жүргізу әдістерін үйретіп, кеңес беріп отырдым. Институт қабырғасында ұйымдас-тырылатын іс-шараның техникалық жабдығын қадағалау, бейнесабақтар дайындауға көмектесу, т.б. көптеген жұмыстың жауапкершілігі маған жүктелді. Өзіме тапсырылған нәрсені әрдайым жауапкершілікпен орындауға тырысамын. Себебі, Тәуелсіз ел ұрпақтарының білімді, бәсекеге қабілетті, дарынды болғанын қалаймын. Бар күш-жігерімді осы мақсатта жұмсаудамын.



Айдын БЕКМҰХАМЕТ,
техникалық физика
ғылымының PhD докторы:

– Тәуелсіздік ұғымы адамның ішкі жан-дүниесінен бастау алуға тиіс. Мәселен, қазіргі таңда жастар ақшаға, адамға, көңіл күйге, түрлі дүниеге тәуелді. Сол себепті, еліміздің егемендігін, ата-бабаларымыздың ерліктерін ұмытып кетіп жатамыз. Алайда, мемлекеттің жастарға көрсеткен қолдауы мен білім гранттарын бөлгенінің

арқасында білімді жастардың қатары көбейіп келе жатыр. Шет елдерге іссапарлармен барған кезде қазақ жастарының ізденімпаздығын көріп қуанамыз. Өз басым, Қазақстанда тұңғыш менталды арифметиканың ғылыми негізін қалаушы атандым. Еуропа, Қытай және ТМД елдерінің бизнес тәжірибелерін жинақтаушы бизнес-тренер болдым. Егемендігіміздің іргесі берік болатынына сенімдімін.

Әзірлеген Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

Балалардың қуанышы



Алматы қаласының Туризм басқармасы қалалық Әлеуметтік әлауқат басқармасымен бірлесіп, аз қамтылған отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдауға бағытталған акция өткізді.

«Бүгін біз Алматы мен мегаполистің агломерациясының көрікті жерлеріне мүмкіндігі шектеулі 200 ересек адам мен 100 баланы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасында тәрбиеленіп жатқан 200 балаға экскурсия ұйымдастырдық. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау мақсатында экскурсияға қатысушылар

бірнеше топқа бөлініп, Ботаникалық баққа, қалалық Хайуанаттар бағына және «Шымбұлақ» тау курортына барды. Оларға командалық рухты дамытуға бағытталған іс-шаралар мен шеберлік сыныптары өткізілді. Балаларға өте ұнады. Балалардың қуанышы, шатшадыман сәттері ортаймасын деп тілейміз», – деді қалалық Туризм басқармасының басшысы Сабина Амангелді.

Оның айтуынша, мұндай экскурсиялар жыл сайын кемінде 1 мың адамды қамтиды.

Нұр ЖАМАЛ.

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ӘРІПТЕСТЕР!

ҚР Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтарын беру, гранттарын тапсыру және Алғысын жариялау рәсіміне қатысқан ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев сөз сөйлеп, журналистерді кәсіби мерекесімен құттықтады. Марапатталғандар арасында «Alatau Aqparat» медиахолдингіне қарасты (Бас директоры Төлеміс Бақтыбайұлы Күлмұхамедов) «Вечерний Almaty» газетінің шығармашылық ұжымы және басқа да тұлғалар мен ұжымдар бар.

Шығармашылық бәйгеде жүлдегер атанған барлық әріптестерімізді мәртебелі марапаттарымен құттықтаймыз!



БАҚ саласындағы Президент сыйлығының иегерлері анықталды

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтарын беру, гранттарын тапсыру және Алғысын жариялау туралы жарлығы жарияланды.

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтарын беру, гранттарын тапсыру және Алғысын жариялау туралы

1. Елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуын ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ету ісіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының елеулі рөлін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтарын беру, гранттарын тапсыру және Алғысын жариялау жөніндегі қоғамдық комиссияның ұсынымын қарай келіп:

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары:

Захарчук Вера Николаевнаға – «Хабар 24» телеарнасының жаңалықтар бөлімінің жүргізушісіне, отандық тележурналистиканы дамытуға қосқан үлесі үшін;

Исабаева Сәуле Борисқызына – «Qmonitor.kz» желілік басылымының шолушысына, интернет кеңістігінде ақпарат тарату ісін дамытуға қосқан үлесі үшін;

Құтпанбаев Бақыт Жағыпарұлына – «Қазақ» және «Шалқар» радиоларының Алматы студиясының жетекшісіне, Қазақстанның өңірлік

саясатын ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін;

Ойшыбаева Жаннат Бақтығұлқызына – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының БАҚ-пен жұмыс департаментінің бас менеджеріне, Қазақстан дамуының өзекті мәселелерін қамтыған ақпараттық-талдамалық қызметі үшін берілсін.

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы гранттары:

Байғараев Нұрмұхамед Исманұлына – «AIQYN» республикалық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторына, баспа бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін;

Нұрақын Диас Ермекұлына – «КТК» телеарнасының ақпараттық бағдарламалар дирекциясы орталық редакциясының редакторына, Қазақстан телевизиясын дамытуға қосқан үлесі үшін;

Толықбаев Мақсат Мәлікұлына – «QAZAQSTAN» ұлттық телеарнасы «Ашық алаң» қоғамдық-саяси ток-шоуының жүргізушісіне, Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін белсенді түрде жан-жақты түсіндіріп, жариялап, көрсеткені үшін;

Хасанов Серікбол Тілепбергенұлына – «Мұнара» газетінің бас редакторына, Қазақстан журналис-

тикасын және ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін тапсырылсын.

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы Алғысы:

«Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналының шығармашылық ұжымына – еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін;

«Вечерний Алматы» газетінің шығармашылық ұжымына – қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардың дамуын ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етуге қосқан зор үлесі үшін;

«Қазақ радиолары» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің шығармашылық ұжымына – ұлттық радио саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін;

«Сарыарқа» телеарнасының шығармашылық ұжымына – өңірлік журналистиканы дамытуға қосқан үлесі үшін жариялансын.

2. Осы өкім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Қ.ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Президенті.

*Нұр-Сұлтан, Ақорда,
2021 жылғы 25 маусым
№195*

Барлық мұрағат қолжетімді



Әсел
ДАҒЖАН

Алматыда Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссияның жұмысына волонтерлер де тартылатын болды.

Қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаровтың төрағалығымен Республика Президентінің Жарлығына сәйкес қызметі басталған саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі қалалық комиссияның отырысы өтті. Комиссияның негізгі міндеті – саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттары үшін тарихи әділеттілікті қалпына келтіру. Е.Бабақұмаров Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын ескере отырып, қалалық комиссия жұмысының маңыздылығын атап өтті.

Қалалық комиссия төрағасының орынбасары, тарих ғылымының докторы Б.Жангуттин іздеу шараларын ұйымдастыру үшін студент жастар арасынан еріктілердің жаңа жұмыс тобын құрғанын айтты. Сонымен қатар, Ресей Федерациясының мемлекеттік ғылыми мұрағаттарымен байланыс (Мәскеу қаласы), қала тұрғындары мен қала қонақтары байланысқа шыға алатын 398 58 22 «қауырт желісінің» қызметі, сондай-ақ комиссия жүргізген іздеу және ғылыми іс-шаралар туралы ақпараттар айтылды. Отырыстың жұмысына жұмыс топтарының басшылары Ш.Забих, М.Губайдуллина, А.Өтеғалиева, Н. Алпысбаева, Б.Қабдушев, Г.Нұрымбетова, Г.Мұқанова, Т.Құлтаев, З.Төленова қатысты. Кеңес жұмысын қорытындылаған Ержан Бабақұмаров ғалымдарға қалалық комиссияның зерттеулері, ғылыми жұмыстары, барлық мемлекеттік, қалалық және арнайы архивтер қолжетімді екенін атап өтті және көмек көрсету бойынша нақты тапсырмалар берді.

Діни бірлік маңызы

Ержан Бабақұмаровтың төрағалығымен Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі қалалық кеңестің отырысы өтті.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаровтың төрағалығымен әкімдіктің жанындағы діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі қалалық кеңестің отырысы өтті. Кеңестің құрамына жетекші конфессиялардың басшылары мен дінтанушылар кіреді.

Кеңестің негізгі мақсаты – діни сенімдерге қатысты ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу, қоғамдағы рухани келісімді нығайту және конфессияаралық қатынастарды үйлестіру. Маңызды міндеттердің бірі – конфликтілі аймақтарды анықтау және ішкі әрі конфессиялар арасындағы қайшылықтың дамуына жол бермеу. Кездесу барысында екінші жартыжылдықтағы конфессияаралық келісімді нығайту бойынша жұмыс жоспары қаралды, оның ішінде жыл сайын 18 қазанда атап өтетін Рухани келісім күніне де баса мән берілді. Сонымен қатар, алдағы кезеңге арналған ағымдағы міндеттер талқыланды.

Кездесуге қатысушылар діни ахуал туралы өз пікірлерімен бөлісіп, қаладағы конфессиялар арасында рухани бауырлас-тықты нығайту жөнінде ұсыныстар айтты. Жиналыста қаланың бас имамының орынбасары Е.Есім, Вознесенск соборының қызметшісі А.Суворов және басқалар сөз сөйледі.

Кеңес төрағасы Ержан Бабақұмаров мемлекеттік-конфессиялық қатынастар мәселесіне ерекше назар аударыла-тындығын атап өтті.

Алматыда 100-ден астам түрлі этнос өкілдері, сондай-ақ елдегі 18 конфессияның 17-сі тұрады. Бүгінгі күні қалада 184 жергілікті діни бірлестік бар, 115 ғибадат орны жұмыс істеп тұр. 1991 жылдан бастап Алматыда діни бірлестіктердің саны 12 есеге өсті. Қазір үш жаңа мешіт пен бір ғибадатхананың құрылысы жүріп жатыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖАМБЫЛДЫҢ ӘНДЕРІ

Ө.Қастеев атындағы өнер мұражайы Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына орай «Бақыт туралы ән» атты мерейтойлық көрме ұсынады.

Көрмеге даңқты қазақ ақынының өмірі мен шығармашылығына байланысты музей қорындағы 30-дан астам көркем, графикалық және мүсіндік туындылар қойылған.

Уақыты: 16 шілдеге дейін, сағат 10.00-18.00 аралығында.

Өтетін орны: Ө.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайы («Көктем-3», 22/1).



ҮЛКЕН ОТБАСЫ – ҮЛКЕН КИНО

«Менің үлкен қазақ отбасым» фильмі прокатқа шығуға дайын. Онда достық пен халықтар бірлігі, отбасылық құндылықтар көрсетіліп, Отанға деген сүйіспеншілік тақырыбын жалғастыратын мейірімді және көңілді оқиға өрбиді.

Сюжет бойынша Манарбектің төрт баласы бар: ұлы және үш қызы. Оның тұңғышы армян қызға үйленген. Үлкен қызы кәріске, ортаншы қызы орысқа тұрмысқа шығады. Әкесі кіші қызын қазаққа бергісі келеді, бірақ оның да таңдауы шетелдікке түседі.

Басты рөлдерде Әсел Сәдуақасова, Гүлнар Сильбаева, Дина Тасболатова, Шынар Асқар, Қуандық Шакиржанов, Олжас Әлжанов сынды кино және эстрада жұлдыздары ойнайды.

Уақыты: қала кинотеатрларының кестесін қадағалаңыз.



«БАСТЫ РӨЛДЕ»

Осындай атаумен жаңа музыкалық-би спектаклінің көрсетілімі болады. Қойылымды «Өркен» театр-студиясы дайындады.

Сахнада жарқын оқиғалардың нағыз калейдоскопы ашылады, көрермендер би ырғағымен айналады, өздерін үлкен қойылымның бір бөлігі ретінде сезінуге мүмкіндік алады, бірақ ең бастысы, олар біздің өмірімізде басты рөлдерді ойнайтынымыз немесе стереотиптердің нәзіктігі астында шынайы мақсаттар мен тілектерді жасыратынымыз туралы ойлануға мәжбүр етеді.

Қоюшы режиссері – Рәзия Хасанова. Басты образдарды Малика Айсарова мен Наталья Валькова кейіптейді.

Уақыты: 26 маусым, сағ. 19.00.

Өтетін орны: «Өркен» театр-студиясы (Абдуллиндер көшесі, 38).

МАХАББАТ ХИКАЯСЫ – СКРИПКА ТІЛІМЕН

Жексенбі күні кешке скрипкашы Динара Базарбасева «Сахаман» махаббат хикаясын баяндайды.

«Forte trio» триосының солисі көптеген халықаралық конкурстардың лауреаты ретінде де танымал. Ол бес жасынан бері классикалық музыкамен айналысады.

– Менің алдымда скрипкада немесе фортепианода ойнауды таңдау тұрды. Мен бірінші нұсқаға тоқтадым, өйткені скрипканың техникалық мүмкіндіктері әлдеқайда көп екенін бірден түсіндім. Бұл аспаппен жеке өзін өнер көрсетуге болады әрі оны камералық және оркестрлік тәжірибеде пайдалануға болады, – деп мойындады музыкант.

Бүгінде Динара Базарбаеваның концерттері аншлаппен өтуде. Ұжымның визиттік карточкасы – «Буэнос-Айрестегі жылдың төрт мезгілі» туындысын асқан шеберлікпен орындауы болып табылады. Тыңдармандар оны Еуропа мен Ресейде ыстық ықыласпен қарсы алады.

Уақыты: 27 маусым, сағ. 18.00.

Өтетін орны: Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы. (Қалдаяқов көшесі, 35).



«ШЕБЕРЛЕР АУЫЛЫ»

Алматы мұражайында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Шеберлер ауылы» сәндік-қолданбалы өнер көрмесі ашылады.

Алматының тау бөктерінде дәстүрлі қолөнер түрлерін жандандыратын шеберлер жұмыс істейтін ғажайып орын бар. Ол «Шеберлер ауылы» деп аталады. Мұнда Д.Шокпаров сынды шеберлердің басшылығымен жасалған домбыра, адырна, жетіген, нар қобыз, даңғыра, шыңдауыл, асатаяқ, саз сырнай және басқа да көптеген музыкалық аспаптардың алуан түрлері еліміздегі фольклорлық ансамбльдерді қамтамасыз етуде. Ғ.Тілеухановтың басшылығымен темірден бұйымдар, зергерлік әшекейлер, қазақтардың үй тұрмысындағы заттар жасалады. Туристер, қала қонақтары осы шеберханаларда болып, ұлттық бұйымдарды жасау тәсілдерін көруге және білуге мүмкіндік алады. Енді сонда жасалған бұйымдарды қала-лықтар шаһар ортасынан ашылған «Шеберлер ауылынан» да көре алады. Ол дәстүрлі қолөнер шеберлерінің басын қосып, ұлттық өнердің дамуына ықпал етпек.

Өтетін уақыты: 23 маусымнан бастап, күн сайын сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін.

Орны: Алматы мұражайы (Қабанбай батыр көшесі, 132).



ҚЫЗЫЛ ТАУЛАРДЫҢ ОТЫ

Алматыдан 170 шақырым жерде сұлулыққа толы ғажайып орын бар. Ондаған шақырымға созылған қызыл таулы Богуттар шөлін көруге болады.

Богуттарды «жергілікті Марс» деп те атайды, ал кейбіреулер ландшафтты америкалық Аризонамен немесе жабайы Батыспен салыстырады. Шөл Іле Алатауының таулы жүйесінің етегі саналады. Ол Шарын мен Шелек өзендерінің арасында созылып жатыр. Бұл қызыл таудың ерекшелігі – оған көтерілмейсіз, керісінше, одан түсесіз.

Таулар екі массивтен тұрады – үлкен Богуттар және Бала Богуттар. Таулардың максималды биіктігі – теңіз деңгейінен 1441 және 1816 метр. Мұнда Қызыл кітапқа енген тау қойлары, түлкілер, қояндар, кекілік және дала бүркіті жиі кездеседі. Бұталар мен шөптер өседі.

Қалай жетуге болады: Құлжа трактісі арқылы Гүлдала, Панфилов, Ават, Құлжа, Ақший, Еңбек, Бірлік, Балтабай және Бәйдібек би ауылдары арқылы өтесіз. Бас-аяғы 142 шақырымды құрайды.



ШЫҒЫС БАЗАРЫ

Шаһардағы «Арбатта» Жібек жолы даңғылының бойында ғасырлар бұрын Шығыс базары орналасқан. Ол заманауи болған, бірақ түйелер керуенін қала тұрғындары жақыннан көре алмаған. Алматы қолөнер палатасы пандемияға байланысты ұзақ үзілістен кейін дәстүрлі қолөнер жәрмеңкелерінің маусымын ашады.

Қолөнер бұйымдарының алуан түрін шеберлердің өздері ұсынады. Кейбіреулер тіпті өз отбасыларында ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатқан қолөнер құпиясымен бөліседі. Онда былғарыдан, киізден, батиктен, ағаштан, керамикадан, жартылай бағалы тастардан, бисерден және басқа материалдардан жасалған бұйымдарды көруге болады. Ұлттық киімдер, тұрмыстық заттар, зергерлік бұйымдар, сыйлықтар мен кәдесыйлар да сол маңнан табылады. Қолөнершілер келушілерді қызықтырар музыкалық аспаптармен, тоқылған ойыншықтармен, ерекше бас киімдермен және зергерлік бұйымдармен таңқалдырады.

Жәрмеңкенің ерекше бұйымы алты қанатты киіз үй болмақ. Қала тұрғындарына оны қалай орнату керектігі көрсетіліп қана қоймай, құндылығы сөз болады.

Уақыты: 26 және 27 маусым, сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін.

Өтетін орны: Жібек жолы даңғылының Желтоқсан және Наурызбай батыр көшелері аралығында.



СПАРТАК- ЧЕМПИОН

Абай атындағы опера және балет театрының сахнасында алматылықтар «Спартак» балетінің жаңартылған нұсқасын көре алады.

Хореографияның әлемдік тарихында Хачатурян музыкасына хореографтардың бірнеше жарқын үндеулері белгілі. Еліміздің хореографиялық өнерінің мэтрі Заурбек Райбаев XX ғасырдың 70-жылдарының соңында театр репертуарына нық енген бірегей хореографиялық нұсқа жасады. Әрі ол кең көлемде сахналанды.

Уақыты: 26 және 27 маусым, сағ. 18.00.

Орны: Абай–Қабанбай батыр көшесі, 110.



ӘН – СЫЙЛЫҚҚА

Жастар арасында танымал рэпер 2RAR өзінің алғашқы үлкен концертін береді. Бұл – әншінің туған күніне орай, жанкүйерлерге жасаған сыйы.

Топтың әншісі Тұрар Ыдырыс бүгінде көпке танылып үлгерген. 2018 жылдың соңында оның «Sary Qyz» әні телеарналардан беріліп, бірден би хитіне айналды.

Уақыты: 26 маусым, сағ. 20.00.

Өтетін орны: Almaty Arena (Б.Момышұлы көш., қылысы, Рысқұлов даңғылы).

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

«Жас Алаштың» киелі шаңырағына уық шаншыған кезімізде бүгінде жетпіске жүгіріп жеткен ағаларымыз отыз бен қырықтың арасында сайран салып, «жайнаған туы жығылмай» (Абай) жүрген жігерлі жігіттер еді.

«Менің ағам – ең жақсы адам!»

Махамбеттің сарбаздары секілді жорық десе жортып кете беретін менің арыстан жүректі, балуан білекті ағаларым бірінен-бірі өткен сері болатын. Сол серілердің ішінде жастар басылымының тісқаққан фототілшісі Рахымбай Ханалының шоқтығы биік-тін.

Биік болатын себебі, ол қарапайым һәм қатардағы фотомерген саналса да, даңқы мен дақпырты көршілес жатқан екі-үш елге жайылған танымал адам сойынанды. Өте көпшіл екендігі, көшеден таныс-паныс біреу-міреуді көре қалса, көп ойланбай шаңырағына ертіп әкететіні, екі бөлмелі үйінен өмірі қонақ арылмайтыны, сол замандағы танымал қаламгерлер мен талантты әртістердің бәрі оның пәтерінен шықпайтыны жөнінде сан түрлі аңыз айтылатын. Мұны біз студент кезімізде-ақ білетінбіз.

Әр суреті күн сайын «Лениншіл жасқа» әр беретін Рахымбай тақырыбына ертерек құлақ түруіміздің тағы бір себебі бар-ды. Бізбен бірге оқуға түскен Қарлығаш деген Шымкенттің шырайлы қызы сол ағамыздың жақын қарындасы екен. Ол кезде атақ-абыройы дүрілдеп тұрған Раханның жамағайын қарындасы болу деген бүгінгі Байденнің бел баласы дегенмен бірдей. Бет-аузы томпиған сүп-сүйкімді бақытты курстасымыз айбарлы ағасының қасиетті құжырасына әр барып-қайтқан сайын қап-қап жаңалық ала келеді.

«Раханның үйіне анау кепті, Раханның үйіне мынау кепті! Мен барғанда кәдімгі Құман Тастанбеков шығып бара жатты. Кеше тірі Роза Рымбаеваны көрдім!». Ол кездегі ең атақтылардан «Қазақстан пионерінің» жас әрі хас тілшілері Әнуарбек Әуелбеков пен Мұратбек Токтағазинді ғана көріп, емін-еркін тілдескенімізге мәз болып, соның өзін көңілге тоқ санап жүрген біз бұл жаңалықтарды естіген соң аузымызды ашып, көзімізді жұмамыз. Сосын естігенімізге елтіп, «Қан мен тердегі» Сүйеу карт секілді едәуір уақыт үнсіз отырамыз. Не десең, о де, бұл біздің ай жүзді, ақ маңдайлы көркем курстасымыз Қарлығаш қыздың: «Менің ағам, менің ағам – е-е-ең жақсы адам!», – деп әуелетіп әндетіп жүрген кезі еді.

«Күмісті мылтық қолға алып...»

Бесінші курсты бітіретін жылы жастықтың жалауы – «Жас Алашқа» қызметке тұрып, атакты Рахымбай Ханалымен әріптес болдық. Небәрі 32 жастағы жігерлі жігіт. Ал біз болсақ, жасы жиырма беске де жетпеген шіл тектес бірдеңеміз. Содан Рахан... Сөйлескен адаммын бірден үйіріп ала жөнеледі. Жан баласына ұқсамайтын әдемі бір жымысы бар. Сол жылы жымыстың жетегіне еріп, жырдан қызық әңгімесіне қалай араласып кеткенінді білмей қаласын. Өз тізгінінді өзің іркіп отырмасаң, жұмысың жайына қалады. Ал Рахан дүниені дүрілдетіп жүрсе де, негізгі шаруасын ешқашан ақсатпайды. Бір қарасаң, қасында тұрады, кірпігіңді бір қақсаң, зым-зия жоқ болады, шапанының шалғайын ұстап та үлгере алмай қаласын. «Қайда кетті?» деп алаңдап іздей бастағаныңда, қай бүйірден шыққаны белгісіз, сап ете қалады. Қолында бір қап сурет...

Сөйлесе, Рахан сөйлесін!

Сол заманда өте көп айтылатын журналистиканың оперативтілігі деген ұғымды жеделдігі жеті желаяқты жолда қалдыратын Рахымбайдың тынымсыз тірлігіне қарап бағамдауға болар еді.

Шынында да аса танымал екен. Оны іздеп редакцияға келмейтін адам жоқ. Әртіс те, спортшы да, ақын да, бақсы да күніге бір соғып кетеді. Олардың арасында аша тұяқтысы да, дара тұяқтысы да, қос жарнақтысы да, дара жарнақтысы да жеткілікті. Сесі басым Сейдахмет ағамның кезінде сырбаздау әрі сыршылдау кейіпте жүретін Рахан кеңпейіл Уәлихан ағамның тұсында еркін кесілді. Бірін-бірі балалар газетінде бірге қызмет істеген жылдардан жақсы біледі екен. Арғы-бергі басылым басшыларының ішінде Рахымбай көкемді Уәлихан Қалижандай еркелеткен адам жоқ. Біздің жеңіл-желпі еркелігіміз Раханның ел көшіретін серілігінің қасында астар болуға жарамай қалатын. Басшымыз оны туған інісінен кем көрмеді. Төбесіне көтерді. Өзі отырған төріне оны да шығарды. Қызығы мен шыжығы бір емес, бірнеше кітапқа жүк болатын атышулы Мәскеу сапарына арнайы ертіп кетті. Ол әйгілі фототілшінің арынын ауыздықтаған жоқ, қайта қолын ашып, тынысын кеңейтті де отырды.

Хо-о-ош, Рахымбай ағамыздың сөздік қорына әбден сіңген белгілі бір тіркестер бар-ды. «О, атаңның қоқи!», – дейді сан соғып немесе қапа болып қалғанда. «Е, дада...», – дейді көңілденіп, сені өзіне қаратып алғысы келген кезінде. Ал шаужайына жармасқан біреулерден тезірек құтылуды көңілі қалап тұрса, «Әй, айналайын, мен әлі обед ішкен жоқпын», – дейді жұлып алғандай. Оның барлық эмоциясы осы бір төрт-бес тіркестің арасында арпалысып жатады.

Төрт-бес тіркес дегенге, одан басқа сөз білмейтін, ойы жұтаң, толғамы тұтам біреу екен деп қалмаңыз. О, сөйлесе, Рахан сөйлесін! Тілі майда, әп-сәтте кез келген адамның бұлынына түседі. Жүзін жылытады, жанын жадыратады, жүрегін жылатады. Тек әлгі тіркестер айбарлы ағамыздың өмір сүру дағдысының көрсеткіші боп кеткен секілді болған соң айтқанымыз ғой.

КҮМІСТІ МЫЛТЫҚ

Әйгілі фотомерген Рахымбай Ханалы туралы бір үзік сыр



Қазір қызықтың көкесі болады енді...

Бірде біздің Аралды бетке алып, іссапарға бірге бара жаттық. Кәдімгі №7 «Қазақстан» жүрдек пойызы. Шақырымдарды шақ келтірмей, ұсақ-түйек стансаларды аттап өтіп, зулап келеді. Раханмен бір купедеміз. Аңқасы кепкен Аралға сонау Германиядан гуманитарлық көмек келіпті. Одақ тарағаннан кейінгі алғашқы гуманитарлық көмек... Соның жай-жапсарын жазып қайтуға бара жатқан бетіміз. Әнуар Әлімжанов ағама еліктеп, болашақ мақаламның тақырыбын «Вюрсбургтен жеткен сый» деп қойып тастағам. Осыны құлағы шалған аңқөңіл Рахан: «Не.. бургтен жеткен сый дейсің, сен бала?», – деп ауық-ауық сұрап қояды.

Тоқыраудың тоңы жібімеген заман. Алматыдан шыққалы бері көкшулан вагонымыздың елірген екі жолсерігі ойына не келсе, соны істеп келеді. Онсыз да қапырық вагонға адамды алған үстіне топырлатып алып жатыр. Одан түскен нәпақаны уялмай-қызармай, ел көзіңше санайды. Бірі дерелей ұзын, сілңгір қара. Екіншісі – көйлек-шалбар киіп алған кәдімгі қара қонжық. Біздің Бауыржан Үсеновтің «Қонжығындай аюдың жидекқұмар» деген деген бір өлең жолы бар еді. Тура сол. Аузы тамақтан босамады.

Вагондағыларды адам санатына қоспайды. Өкірендеп сөйлейді. Рахымбай ағам оны әрі-бері сыпайылап тәртіпке шақырып көріп еді, тыңдайтын сынай танытпады. Тіпті, бүкіл ел сыйлайтын ардақты ағамды ештеп тілденкіреп де жіберді-ау деймін. «Қо-о-о-ой, болмас...», – деп біздің ағай орнынан тұрды. Қазір қызықтың көкесі болады енді...

Сол бойы жіңішке дәлізді жағалап кеткен Рахан вагонның жолсеріктер ғана кіре алатын жеке туалетін өз кілтімен ашты. Кілт болғанда, кәдімгі тегеурінді теміржолшының шұбатылған темір кілті. Ол кілтке жалғанған кәсіби жолшылардың ұсақ-түйек асай-мүсейлері тағы бар... Тек ашып қана қоймай, онысын жолсеріктерге әдейі көрсетіп, сәндеп бұрап тұрып алды. Екі жолсеріктің көздері шарасынан шықты. Көмейлерінен үн шықпай қалды. Бір-біріне үрейлі көзбен қарады. Мына кісінің қолында кәнігі теміржолшыларда ғана болатын арнаулы кілт қайдан жүр? Сірә, саланың сырттандарының бірі болмасын?! Жолсеріктерден әбден маза кетті.

«Енді елге зәбір көрсетпейміз, түзелеміз!»

Сол сол-ақ екен, вагон ішіндегі ахуал әп-сәтте өзгеріп сала берді. Біздің курстағы нұр дидарлы Нұрмира ақынның «Көктем боп келіп едің, Қысқа тез алмастың-ау» деп келетін өлеңі бар еді. Құлды соның кері. Аптаптан көз ашпай тұрған Анненковтың азап вагонының ішін қонырсалқын самал жайлады. Әлдеқайдан салқындатқыш іске қосылыпты. Артық адам алу сап тыйылды. Жолсеріктердің ұзын бойлысы олай бір өтіп, былай бір өтіп, ауық-ауық есіктен қарап кетеді. Жақсы ағаға жанасудың жолын таба алар емес. Рахан болса, түсін бермей, томсырайып отыр. Аналардың көзін ала бере, бізге қарап езуі жайылып күліп алады да, Жайылма көліндей жайылып бара жатқан екі езуді лезде жия қояды.

Бір сәтте мен дәлізге шықтым. Ұзын бойлы жолсерік дереу жанымға жетіп келді. «Аға, – дейді өзінен оншақты жас кіші һәм аға сиқы жоқ маған, – ана кісі теміржолда жұмыс істей ме?». «Әрине», – деймін басқа сөз қапелімде аузыма түспей.

Сәлден соң бар батылдығын бойына жинаған қонжық пен жираф купемізге келді. Екеуінің де ері мойнына кеткен. Қыз алып қашып, айыпты боп отырған құдалар секілді күмілжиді. Қонжық деп қорашсынын жүргеніміз осы вагонның басшысы екен. Аға-ау, кешіріңіз, аға-ау, шел басты, аға-ау, бас міне... Аға-ау, неге үндемейсіз, аға-ау, айтып өлтірсенізші... Осы сықылды бірденелер... Қуықтай купе ішінде күлкі шақыратын кішіпейілділік симфониясы дамылсыз ойнап жатыр, ойнап жатыр...

Бір кезде Төлегенге жыны келіп, басын қасып отырған Базарбай секілді дымы шықпай қалған айбынды ағама тіл бітті. Содан Рахан сөйледі. Айтып жатыр, айтып жатыр... Бүкіл жолсеріктер жүйесі бетімен кеткен. Бетімен кетпесе, не мынау? Ақша сұрайды, елге әкірендейді, тіпті көздерін шел басқаны соншалық, қарапайым жолаушының кейпіне енген өздерінің басшыларын танымайды...

– Аға, айтыңызшы енді, сонымен сіз кімсіз? – деді қонжық жолсерік торғайдай бүрісіп.

– Айналайын, мен қатардағы проводниктен Тарпаңовтың орынбасарлығына дейін өскен жиырма жылдың ішінде дәл мұндай сұмдық көрген емеспін, – деді ғой сонда біздің Рахан.

Қарсы алдында ербиіп отырған екеу сылқ ете түсті. Ол кезде Тарпаңов деген фамилия теміржолдың тұтқасы дегенмен бірдей естілетін. Ал көп жыл осы салада басшылық қызмет істеген Қазыбек Тарпаңов біздің Раханның жақынырақ араласатын дос-жарандарының бірі екені де рас-ты... Бәсе, ана жолсеріктердің зәресін ұшырған сиқырлы кілттерді қайдан алып жүр десем...

Қысқасы, қонжық құмырсақаға, жираф сонаға айналды. Рахан екі жігіттің «Енді елге зәбір көрсетпейміз, жөнделеміз, түзелеміз, бұдан соң жақсылап қайта құрыламыз» деген уәдесін алып, Аралдың төбесі көрінген кезде ғана оларды әзер кешірді...

Көрген де арманда, көрмеген де арманда

Жарайды, кейіпкеріміздің кәсіби шеберлігіне көшейік. Рахымбай Ханалының «Лениншіл жастағы» қызмет бөлмесін көрген де арманда, көрмеген де арманда. Тоғыз қабатты газет-журналдар үйінің жетінші қабатына қоныс тепкен басылымның ең тар бөлмесі осы Рахандікі еді. «Сарқыраманың аржағында, сылдыраманың бер жағында» дегендей, бұл бөлме секретариатқа кірер есіктің оң жағында, жұмысшы жастар бөлімінің сол жағында. Терезе дегеннен жүрдай, аузы-мұрны жоқ отау. Төрт-бес адам қатар кірсе, орын тапшылығы бірден көрініп қалады. Бірақ газеттің ең құтты бөлмесінің бірі осы еді. Қуықтай екендігіне қарамастан бұл бөлмеге бас сұқпайтын адам жоқ. «Көңіл сыйса, бәрі сыяды» деген мақалды ғылыми апробациядан өткізуге нағыз таптырмайтын жер сол. Рахан бұл бөлмеде мейман қабылдап қана қоймайды, фотоаппаратына пленка салады, сары алтындай суреттерін сақтайды.

Өз басым бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істеген жылдарымда сан түрлі фототілшімен етене араластым. Әрқайсысының стилі әртүрлі. Мәселен, Дендербей Егізов бозала таңнан тұрып алып, кейіпкерін күні бойы аңдиды. Айтжан Мұрзанов алдын ала қимылдап, бірнеше нұсқаны әзірлеп қояды. Советбек Мағзұмов адамды үнемі іс-қимыл үстінде суретке тартады. Қозғалыстағы кісіні тоқтатсаң болды, басың пәлеге қалады. Ал Рахана адам қозғалып келе жатыр ма, тапжылмай тұр ма, бәрібір. Ол бірер минут бұрын суретке тартатын адамын жақсылап дайындайды. Ойлы кейіпке енгізеді, сөйлеп отырғандай образ қалыптастырады. Сөйтіп, бір орында тұрған адамға да қимыл дарытады.

Қазақ руханиятындағы тұлғалардың бейнесін тарихқа таңбалады

Раханның суретке түсірген кез келген кейіпкерін қатардағы кісі емес, кәсіби актер дерсің. Себебі, ертеңіне газеттен жасандылықтың ізін де көре алмайсың. Табиғилық дегенің тұтасып тұр...

Ол жақында ғана жүзге толған «Жас Алаштың» фотошежіресін жасауға өлшеусіз үлес қосты. Қазақ руханиятындағы тұлғалардың бейнесін тарихқа таңбалады. Сирек кездесетін сәттерді суретке түсіріп, журналистиканың жылнамасына енгізді. Үлкен-кішіге өтімді, абыройлы аға, ізетті іні бола білді. Ешкімді ренжітпеуге тырысты. Жүрген жері той-думан мен ойын-күлкінің ордасына айналып сала беретін. Мен көрген фотомергендердің ішіндегі ең көңілдісі осы Рахымбай ағам еді. Тұмсығы сала құлаш фотоаппараты үнемі мойнында асулы жүреді. Әсерлі көрініс көзге шалынса, кілт тоқтап, біресе жүрелеп, біресе бұқпантайлап, оңтайлы сәтті күтеді. Фотомылтығының құлақшасын қайырып, төзімді әбден тауысып барып, сырт еткізеді бір кезде. «Қасиеті көзге біткен көріктім, Көздегенін қалт жібермес мергенім!», – деп сүйсінесім мұндайда.

Рахымбай Ханалы осыдан он алты жыл бұрын өмірден өтті. Дендеген дерттен айыға алмады. Бірақ көңіл сенбейді. Алматыдағы бұрынғы газет-журналдар үйінің маңына бара қалсаң, «Күмісті мылтық қолға алып...» деп Махамбет ақын жырлағандай, фотоаппаратын оңтайлап, бір бұрыштан шыға келетін сияктанады. Ал күмісті мылтықтың алтын мылтыққа айналып, қаңтарулы жатқалы қашан. Жоқ, қаңтарыла қоймапты, бертіңге дейін Азат деген ұлы фототілшілік қызмет атқарып, күмісті мылтықты онды-солды сілтеп жүрді. Қазір басқа жұмысқа ауысқанымен, сурет өнерінен жирене қойған жоқ. Жаппы, күмісті мылтықтың иесі тек соңына тағылымды туындыларын ғана қалдырмапты. Жайдары жеңеміз Африза екеуі алтын асықтай ұл, күміс қасықтай қыз өсірді. Соның ішінде бүгінгі мерейлі мемлекеттік қызметші, кезінде тарихы бай Тараз қаласы әкімінің орынбасары, кейін дипломатиялық жұмысқа араласып, Бішкектің консулы болған әлеуетті әріптесіміз Жасұлан Рахымбайұлының орны бөлек.

Қайран Раханды ойласақ, көп нәрсе еске түседі. Қырықтағы қылшылдаған Жұмабай Шаштайұлы бастаған жас журналистер «Тараз» қонақүйінде Рахымбай Ханалымен әзіл-қалжың үлгісіндегі баспасөз конференциясын өткізгенімізді айтсаңызшы. Әнуарбек Әуелбековтің «Рахан келді қырыққа» деген толғауын кейіпкердің қатысуымен жағымыз талғанша талдайтынымыз ше? Немесе:

*Болса да, мақсат биік, мұратым бай,
Бұл бақыт мәңгі қасиет тұратындай.
Қасымнан шыр үйіріліп шықпай жүрріп,
Суретке түсірсен-ді Рахымбай...*

– деп термеленіп келетін, әзілкеш Өнеш ақын «Спринт-тен» ұтып ала жаздаған атакты «Ақ Волганың» жырын қайда қоярсың?! Қазір соның бәрі де естелік... Бір сөзбен қайырсақ, Рахан, қызық, мол жылдар...

Арамызда аман-есен жүргенде дәл осы күндері ол: «О, атаңның қоқи, бұл да кеп қапты ғой?», – деп маусымның жиырма бесі күнгі өзінің жетпісінші мерейтойын асығып-аптығып, жанығып-жанталасып өткізіп жатар еді.

Сөйтер еді...
Рухы шат болсын ардақты ағамыздың!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ.



«АРҚАЛАҒАНЫ – АЛТЫН, ЖЕГЕНІ – ЖАНТАҚ»



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Журналист – қоғамның жабын да, жақсылығы мен жаманын да бүкпесіз жеткізетін мамандық иесі. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін сала қызметкерлерінің төл мерекесі 28 маусым күні аталып өтілмек.


Бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистердің қызметі кез келген мемлекеттің дамуында ерекше рөл атқарады. Елдің болашағы да ақпарат алаңындағы журналистерге тікелей қатысты.

Шығармашылық еркіндік БАҚ-тың өте қысқа мерзім ішінде дамуына жол ашып, бағыты мен саласы әралуан бұқаралық ақпарат құралдары дүниеге келді. Мемлекеттік БАҚ-пен бірге оппозициялық, тәуелсіз, салалық БАҚ өзара бәсекелестікке түсіп, соның нәтижесінде журналистердің белсенділігі мен беделі артты. Елде болып жатқан оқиғаларды халыққа жеткізу, ақиқат ауылынан алыстамай бұқараға тек шынайы ақпаратты беру журналистердің абыройлы борышы деуге болады.

Журналистер өз білімі мен білігіне, тәжірибесіне сүйене оты-

рып қоғамда болып жатқан жаңалықтарға өз бағасын беруге, халыққа ақты ақ, қараны қара деп ақпарат таратуға құқылы. Десе де, тек шындықты жазу барлық журналистің бірдей қолынан келе бермейді. Соңғы кездері журналистерді қудалау, журналистердің кәсіби міндеттеріне бөгет жасау, маңызды ақпаратты алып, оны халыққа таратуда бөгет жасайтын жағдайлар туындап жатады. Сондықтан журналистер қауымын сөз еткенде олардың бүгінде мәртебесі қандай, құқықтары қорғалып жүр ме деген сауалдар көлденең шығады. Осы орайда журналистердің ойын білген едік.

Әсел ЕРГЕШҚЫЗЫ, журналист, «Астана» телеарнасындағы «Айтарым бар» әлеуметтік жобасының продюсері:



ӨЗАРА ТҮСІНІСТІКТІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Елімізде журналистер үшін ақпараттық тосқауыл жоқ деп айту қате болар еді. Әсіресе, саяси, әлеуметтік салада жүрген әріптестерім үшін... Мен 10 жылдан аса уақыт әдеби-музыкалық бағытта жүргенде, мұндай мәселеге мүлдем жолыққан жоқпын. Қазір әлеуметтік жобаны басқарамын. Байқағандым, кім, қандай мекеме, қай жауапты ұйым болсын, өзіне тиімсіз болса, журналистке ақпарат беруден бас тартпайды, қабылдамайды. Негізі, журналист ол мекемеге, жауап беруге міндетті адамға, оқиға орнына халыққа қажетті ақпарат ұсыну үшін мән-жайды көзбен көріп, ақ-қарасын ажырату үшін барады. Өзінің кәсіби қызметін атқарып жүрген журналистке кедергі келтірмей, керісінше, мемлекеттік органдар көмектесуі керек деп ойлаймын.

Министріміз жақында ғана журналистикаға «Ең құрметті мамандық» мәртебесін қайтаруымыз керек деп еді, осыдан кейін сең қозғалса, қуанамыз. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заң» бар бізде. Заңның бесінші тарауы «Журналистің құқықтары мен міндеттері» деп аталады. Осы тараудағы 20-бап қатаң жүзеге асырылса, яғни «Журналистің құқықтары» заңда жазылғандай қорғалса, журналистер мемлекеттік органдарға, барлық меншік нысандарындағы ұйымдарға еркін кіріп, ақпарат ала алатын болса және әр журналист «Журналистік этика» мен БАҚ туралы заңды толық меңгерсе, жыл сайын кәсіби мерекеміз қарсаңында біз осылай проблема айтып отырмайтын шығармыз деп сенемін. Бұл тұста журналистер мен мемлекеттік мекемелердегі баспасөз хатшыларының да өзара түсінісуі, бірігіп отырып, ынтымақта жұмыс істеуінің маңызы зор.

Суретті түсірген Самар СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Серік ЖҰМАБЕКҰЛЫ, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетінің оқытушысы, құқықтанушы журналист:



ЖУРНАЛИСТ – ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ САҚШЫСЫ

Бізге кез келген саланың өз заңы бар. Әр қызметтің, әр міндеттің өз заңы, өз құқығы бар. Заңгерлердің өзі бұл саланы күнде оқыса да, зерттесе де әлі күнге түбіне жете алмады. Құқықтық мемлекетте қаншама заңнамалар бар. Міне, университеттегі құқықтық журналистика пәні журналистерге осы заң мен құқықты оқытып келеді. Қоғамда қызмет ететін күрделі саланы үйрету. Журналист тек бір саланы немесе өз құқығын ғана оқымайды, барлық саланың заңымен қалай жұмыс істеу керектігін университет қабырғасынан біліп шығады. Журналист деген әрбір адам тағдыры мен қоғам оқиғасына қатысушы, арашашы және үн қатысушы ғана емес, ол осы адамзат өмірінің сақшысы, дүниедегі барлық заңдылықтар сақталып, әділ қоғам орнауын тікелей бақылаушы іспетті. Сондықтан да журналистің сауатын көтеру дамыған қоғамның ілгері басуына зор әсер етеді.

Ғалия ӘЖЕНОВА, «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қорының сарапшысы:



ЗАҢДЫ БІЛУ ЖАЗАДАН ҚҰТҚАРАДЫ

БАҚ туралы заңда журналистердің құқығы мен міндеттері толық жазылған. Бірақ біз бұл заңның 1999 жылы қолданысқа енгенін ескерсек, одан кейін біршама уақыт өтіп, қырық жамау өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін білу қиынға соқпайды. Заңның елдегі журналистерге БАҚ қызметкерлеріне сәйкес келмейтін тұстарын айта кеткен жөн.

Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы журналистке өзінің негізгі кәсіби қызметімен айналысуға мүмкіндік береді. 20-бабында: ақпаратты іздеу, сұрау, алу және таратуға құқығы бар екендігі баса айтылады. Журналист өзінің кәсіби міндеттерін пайдалану кезінде үнемі ақпарат іздеу керек. Өкінішке қарай, соңғы жылдары журналистерге ақпарат алу қиындап кетті. Мәселен, журналист бір мекемеге ақпарат алу үшін хабарласса ақпарат беретін адамға дейін бірнеше адаммен байланысуға тура келеді. Журналист мекемеге хат жазғанымен өзінде ол хат тиісті жерге уақытылы баруы екіталай немесе журналист қанағаттанатын жауап келмеуі мүмкін.

Бүгінде әлем өзгерді. Қоғамда бұрын айтылмаған мәселелер айтылуда. Болмаған құбылыстар жүзеге асырылғаннан кейін біз оған бей-жай қарай алмай, жауап іздейміз. Ал жауапты қоғам журналистерден күтеді. Бірақ журналистердің өзі нақты, маңызды жауапты ала алмайтын болса халық қайдан білсін?! Осылайша журналист біршама уақытын бір ақпарат алуға жұмсайды. Журналистің міндеті тек бір ғана ақпаратқа қарап тұрған жоқ. Ізденіс керек, сарапшыларды, мақаласына қатысты пікір айта алатын маманды табуға тиіс. Осы сияқты журналистердің ақпарат алудан бөлек міндеттері бар. Міндеттерін орындап, жаңа заманауи көзқарас қалыптырудың орнына бір ақпаратқа қарап қалатын жағдайлар жиі болады. Ақпарат беру, сұрау, бақылау механизмі жоқ. Атқару жүйесінде бақылау мәселесі дұрыс жолға қойылмаған.

Дәнеш АСҚАРБЕК, журналист:



КЕЙБІР ЖУРНАЛИСТЕР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДА ҚАУҚАРСЫЗ

Елімізде журналистер құқығына қатысты екі бірдей бір-бірімен тығыз байланысты мәселе бар. Біріншісі – журналистердің құқығының бұзылуы, екіншісі – журналистердің көп жағдайда өз құқықтарын білмеуі және қорғай алмауы. Кейбір мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат

құралдары қызметкерлерінің еңбек ақысын бермеу деген сияқты еңбек шарттарына қатысты көптеген құқық-бұзушылықтар бар екені рас. Екіншіден, заңнама негізінде журналистердің құқығы қорғалуы тиіс болғанымен, журналистер күнделікті өмірде әртүрлі кедергіге кездесіп жататыны, түрлі қысым көретіні жасырын емес. Мәселен, журналистердің сот істеріне қатысуы шектеулі. Тіпті, ашық түрде өтетін соттың өзін сот өзінің қалауымен журналистерді қатыстырмайды. Құзырлы органдардың ақпарат құралдары жіберген ақпараттардың сұрақтарына жауап беру мерзімі бұрынғыдан анағұрлым ұзартылған. Одан бөлек, нақты жауап беретін құзырлы органдар некен-саяқ. Журналист құқығы сақталуының екінші қыры бар. Өкініштісі сол, бүгінде журналистер арасында кәсіби құқығын білетіндер өте аз. Ақпарат алу, оны жариялау деген сияқты ең қарапайым құқығынан хабарсыз, заңға сүйеніп құқығын қорғауға қауқарсыз журналистер бар. Негізсіз сотқа беретін жағдайда журналист өз құқығын қорғай алмай жатады.

Журналист өз құқығын жақсы білуі үшін еліміздің Ата Заңы, БАҚ туралы заңы, журналист әдеби, мемлекеттік қызметкерлердің әдеби арнайы заң нормалары бар. Осындай бірқатар заңды жетік білуі керек.

БАЛАЛАР ӘЛЕМІ

Жыртыққа жамау бола ма?



Рая
ЕСКЕНДІР

Жазғы демалыс басталысымен мектеп оқушыларының біразы қызу еңбекке араласып кетеді. Балаларының мұндай қадамын құп көретін ата-аналар да бар.

Тіпті, «баланың осы бастан еңбекке араласқаны жөн. Үйренгені өзіне, істегені маған жақсы» деген де ата-ананы көрдік. Дегенмен, баланың балалығын ұрлап,

оларды ерте бастан жұмысқа жегудің не қажеті бар. Тіпті, сол баланың тапқан аз-маз тиыны жыртыққа жамау бола қояр ма екен?

Сондықтан ата-ана онсыз да виртуалды әлемнен шаршаған балалардың демалысын қадағалап, жүйелі өткізгені дұрыс. Осы мақсатта Жетісу ауданындағы №110 мектеп-гимназия ұжымы ата-аналар арасында ҚР Еңбек кодексінің 31, 69-тармақтарының орындалуы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, балалардың құқықтарын шектемеуге шақырды.

– Біз мектеп ата-аналарымен жыл сайын түсіндіру шараларын жүргіземіз. Балалар үш ай бойы жақсы демалып, мектепке сергек келуі керек. Осы мақсатта арнайы рейдтер де жүргізіп отырамыз, – дейді мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Сайраш Көбелдесова.

Баланың қауіпсіздігі үшін басты жауапкершілік – ата-анада екенін ұмытпауымыз керек.

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30



«Экзерсиске» – 30 ЖЫЛ



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Алматылықтар «Экзерсис» хореографиялық студиясының мерейтойлық концертін тамашалады. Би ұжымының 30 жылдық мерейтойы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіпті.

Аталған ұжым Қазақстан халқы Ассамблеясының мұрындық болуымен құрылған. Сондықтан болар, олардың би қойылымдарында елдің тарихы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ерекше орын алады.

30 жыл ішінде «Экзерсис» тек қазақстандық сахнада ғана емес, Ресей, Белоруссия, Қырғызстан, Еуропа елдерінде де өнер көрсетті. Ұжымның қоржынында классикалық хореографияның базалық дағдыларына негізделген халық және қазіргі заманғы эстрадалық билер, шығыс билері және фламенко бар. Ұжымның басты ерекшелігі – онда бимен айналысуды ерте жастан бастауы. Студияда «ерекше» балалар да өнер көрсетеді. Сондықтан репертуар әртістердің жасы мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып таңдалады. Олардың қоржынына 130-дан астам би жинақталған.

Ұжым 30 жыл ішінде қаладағы барлық танымал залдарда өнер көрсеткеніне қарамастан, мерейтойын туған сахнасы – Түрксіб ауданындағы №6 Оқушылар сарайында атап өтті. Оларды Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, бұрынғы шәкірттері құттықтап келді.



ВАКЦИНА САЛҒЫЗУ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстанның Тұңғыш Президенті коронавирус инфекциясына қарсы вакцина салдырды

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қарағанды фармацевтикалық зауытында шығарылған «Спутник V» вакцинасының бірінші компонентін алды.

Вакциналаудан кейін Елбасы қазақстандықтарды санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауға және белсенді түрде екпе салдыруға шақырды.

– Қазіргі таңда Қазақстанда үш миллионға жуық адам вакцина салдырды. Бүгін мен де коронавирусқа қарсы вакцина алдым. Барша қазақстандықтарды белсенді

түрде екпе алуға, одан қорықпауға шақырамын. Әсіресе, қазір вирустың жаңа штамы пайда болған кезде вакцина салғызудың маңызы ерекше. Бұл өз денсаулығымыз үшін керек. Біз күрделі уақытта өмір сүріп жатырмыз. Осы қиындықты бірлесіп еңсеруге тиіспіз. Баршаңызға шын жүректен мықты денсаулық пен бақ-береке тілеймін, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»

(Дереккөз: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтің ресми сайты).



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қоғамдық орындар – басты назарда



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Шаһардың бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин «Алматы-1», «Алматы-2» темір-жол вокзалдарындағы санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің жұмысын қадағалады.

Тексерісті кіреберістен бастаған бас санитар халықтың «Ashyq» қосымшасын қалай пайдаланып жатқанын, құқықбұзушылық жайттар орын алмағандығын тексерді. Вокзал қызметкерлерінің жұмысымен таныса келе, алдағы уақытта теміржол вокзалдарында кіреберіс пен шығатын есіктерді өзгертіп, еден бетіне межелі жерге дейінгі жол жүру белгілері қойылатындығын, санитарлық шараларды қадағалаушы мамандар болатындығын айтып өтті. «Қаламыздағы эпидемиологиялық жағдай бойынша SARS-CoV-2 «Дельта» штамы әлемнің 74 елінде анықталды.

халықтары арасында әсері жоғары болып тұр. Осы орайда 37 жастағы алматылық келіншектің үндістандық штамм жұқтырғандығы анықталды. Қазір ол жұқпалы аурулар ауруханасында ем алып жатыр. Бұл індеттің әрмен қарай дамуын тежеу үшін назарда ұстауымыз қажет», – деді Жандарбек Бекшин.

Сондай-ақ, Жандарбек Бекшин коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында жолаушылардың вакцинацияның екі бірдей дозасын алып, өз денсаулығын, жақындарын қорғау керектігі айтылды. «Қызыл» түс жанып, ауру белгілері бар адам анықталса оқшауланып, емдік шараларын жүргізу керектігін ескертті.

Еске салсақ, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, 23 маусымдағы жағдай бойынша SARS-CoV-2 «Дельта» штамы әлемнің 74 елінде анықталды.

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»



Денис РОВКИН,
«Буревестник» жағажай
волейболы клубының
жаттықтырушысы:

– Төрткүл дүние жүзін жайлаған пандемия біздің спортшылардың дайындығына, күнделікті өмір салтына үлкен кері әсерін тигізді. Сондықтан біз спортшылар ретінде болсын, қазақстандық ретінде болсын, вакцинацияның маңыздылығын түсінеміз. Біріншіден, екпе – коронавирус індетінен ағзаны қорғайтын бірден-бір амал. Одан бөлек, мұндай пандемияда жалғыз қара басынды ойламай, өзгелердің, жақындарының денсаулығына әсер ете алатындығын естен шығармау керек. Үшіншіден, екпе алған спортшы республикалық, халықаралық турнирлерге жолдама алатынын ескерген жөн. Сол себепті, біздің команда мүшелерінің барлығы екі ай бұрын вакцина алды. Спортшылардың осы мәселеге түсіністік танытып, жауапкершілікпен қарағандарының арқасында ешқандай қиындықтар туындамады, ешкім қарсылық танытпады. Біз, Қазақстанның жағажай волейболы командасы бірер күннен кейін олимпиада ойындарына құрлықтық іріктеудің екінші кезеңіне аттанамыз. Жеңістен үміттеміз.



Мадиян ӘДИАТҚЫЗЫ,
үй шаруасындағы әйел:

– Өткен жұмада «Спутник V» вакцинасының екінші дозасын алдым. Бастапқыда екпе ектіруден қатты қорықтым. Себебі, әлеуметтік желілерден түрлі ақпараттар келіп, үрейімізді ұшырды. Індет елімізде белең ала бастағанда айналадағы адамдардың біразға жуығы ауырып, ауруханада 15 күндей жатты. Олардың қиналысын көріп вирусты жұқтырып алмау үшін барынша сақтандым. Елімізге екпенің мындаған дозасы келгендігін естіп, жұбайым екеуіміз қаладағы №22 емханаға бардық. Сол жерде екпе алдық. Емханадағы медицина қызметкерлерінің түсіндіру жұмыстарына, барлық жағдайды өз бақылауында ұстайтыны көңілімнен шықты. Қазіргі таңда әлем елдерінің біразға жуығына қарасақ, ол жақтағы эпидемиологиялық жағдайды өз көзімізбен көреміз. Қаншама адам өмірден өтіп жатыр. Біраз елдің экономикасына да орасан зор зиян келуде. Біз де солардың қатарында болғанымызды қаламасақ, екпе алудан қашпайық дегім келеді.

Әзірлеген А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

1 күнде 9 449 адамға вакцина егілді

Бір тәулікте коронавирус инфекциясын жұқтырған 181 науқас тіркелді. Олардың 155-інде симптомдық белгілері бар, ал 26-сы – симптомсыз.

КВИ-де емделіп шығарылғандар саны – 54, келіп түскені – 61. Инфекциялық стационарларда (1730 төсек-орын) 626 адам ем қабылдап датыр. Олардың 33-і – бала.

Бүгінгі таңда МСАК пен Телемедицина орталығының мобильді топтарымен бірге үй жағдайында 1066 науқас бақылауда тұр, олардың ішіндегі жеңіл және орташа ауырлық дәрежесіндегі науқастар саны – 895, симптомсыз түрімен ауырып қалғандар – 171.

Ал 25 маусымдағы ақпарат көздеріне сүйенсек, Алматы қаласы бойынша бір тәулік ішінде 9449 адам вакцина алған. 1 ақпан мен 24 маусым аралығында қала бойынша барлығы 402 978 адам екпе алған. Олардың ішінде 60 жастан асқан қарт кісілер – 59 590.

Бүгінгі таңда Алматыда 208 екпе егу пункті жұ-



мыс істейді. 307 вакциналау бригадасына 1256 медицина қызметкері жұмылдырылған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

COVID-19: АҢЫЗ бен АҚИҚАТ



Көлік жүргізе алмайтыны рас па?

Вакцинацияға қарсы күресушілер енді «жақын арада екпе төлқұжаты жоқ адамдар өз көліктерін оталдыра алмайды, жеке компьютер мен басқа техникалық құралдарды қолдана алмайды» деген қауесет таратуда. Мұны олар екпенің QR кодының барымен байланыстырып отырса керек.

Бірақ сарапшылар оның ақылға қонбайтынын айтуда. Хабарламада түсіндірілгендей, QR код штрих-кодтың жетілдірілген нұсқасы. Әдетте QR кодты кез келген ақпаратты оқу үшін қолданады. Оның көмегімен, тіпті тауар немесе қызмет туралы деректерді алуға, құжаттың, іс-шараға немесе қоғамдық көлікке билеттің түпнұсқалығын тексеруге болады. Вакцинация төлқұжаттарында да QR кодтың бары рас. Қазақстандық вакцина паспорттарында да ол құжаттың түпнұсқалығын тексеру үшін қызмет етеді. Еуроодақ елдерінің екпе төлқұжатында адамның қашан, қайда және қандай вакцинамен егілгені туралы маңызды ақпарат берілген. Бұл туралы Еуропалық комиссияның ресми сайтында айтылды. Сондай-ақ, QR кодтары оқу құрылғыларына зиян келтіре алмайды деп отыр мамандар.

Ковид-тен емдейтін шай бар ма?

WhatsApp мессенджерінде шай COVID-19-дан тез айықтырады деген хабарлама таратылуда. Хабарламаның белгісіз авторы CNN телеарнасына сілтеме жасайды. Бірақ CNN ресми сайтында да, Twitter-де де шайдың мұндай күдіреті туралы жаңалықтар жоқ.

Бұрын жасыл және қара шайдың вирусқа қарсы қасиеттері туралы зерттеулер жүргізілген. Алайда, олар сусынның аурумен күресте пайдасы мен тиімділігі туралы біржақты қорытындыға келу үшін жеткіліксіз. Әсіресе, коронавирус инфекциясымен күресте шайдан көмек болады деу ойға қонымсыз.



Көпшілік арасында тараған жел әңгімені кәсіпкерлер де пайдаланып үлгеріпті. Олар «шайды сатып, ақша табамыз» деп тіпті COVID-19-ды емдейтін өзіндік сусынды жариялап, іске қосып үлгерген. АҚШ-тың Азық-түлік өнімдері мен дәрі-дәрмектердің сапасын санитарлық бақылау басқармасы осындай тауарларды тарататын компанияларға хат жолдады. «Сізден ауруды жеңілдету, алдын-алу, емдеу немесе диагноз қою үшін кез келген расталмаған және шешілмеген өнімдерді сатуды тоқтатуға жедел шаралар қабылдауды сұраймыз» делінген хатта. Аурудың алдын алуға бағытталған жалғыз дұрыс шешім екпе алу екенін ұмытпайық.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861, 50 теңге, // 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге, // 5 айға – 2202, 50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-14.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

Балаға абай болайық



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Наурызбай ауданының полицейлері бала жоғалған жағдайдағы ата-аналар жіберетін кәсіпкерлер туралы айтты. Бірінші кезекте уақытты жоғалтпай құқық қорғау органдарына хабарласу керек.

ҚР ПМ ресми сайты ұсынған мәліметке сүйенсек, балалардың немқұрайдылығы мен ата-аналарда бос уақыттың болмауы, баламен жүрген кезде басқа нәрсеге айналуы балалардың жоғалуының бірден-бір факторы болып табылады екен. Баланың жолға жүгіріп шығып кетуі де қайғылы жағдайға ұрындырып жатады.

– Әбіржу мен жүйесіз әрекет ету бұл



жағдайда орынды. Бірақ сезімге берілсе, уақытты босқа жоғалтып алуы мүмкін.

Ата-ана жоғалған баласына өзінің қаншалықты қажет екенін есте сақтауы өте маңызды, өйткені баланың тағдыры олардың уақытылы, дұрыс және келісілген түрде әрекет етуіне байланысты, – дейді Наурызбай аудандық Полиция басқармасының бастығы Дидар Аханов.

– Жоғалған бала қашан табылғанша барлық туыстар мен жақындар бірігуі керек. Әрине, болған жағдайды ең алдымен полицияға хабарлап, баланың ерекше белгілерін нақты сипаттап беру қажет. Сонымен қатар, азаматтар із-түзсіз жоғалған адамдарды ақысыз негізде іздейтін еріктілер қозғалысына жүгіне алады. Ең бастысы – сабырлы болуға және ақылға қонымды әрекет етуге тырысу. Бұл баланы іздеу және табу процесін тездетеді, – дейді Дидар Аханов.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ның электр энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтеріне арналған тариф жобасын қарау бойынша жария тыңдауларға шақырады

Алматыда «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ның өтінімі бойынша жария тыңдау өтеді.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясына бұйрығына сәйкес, 2021 жылғы 1 сәуірден бастап тарифтердің өсуіне байланысты қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз құқығын пайдалана отырып, электрмен жабдықтау қызметтеріне шекті бағаның көтерілуі туралы хабарлама берді.

Жария тыңдау 2021 жылғы 3 шілдеде, сағат 15.00-де өтеді.

«Алматы қаласының мемлекеттік бас санитар-дәрігерінің 2.04.2021 жылғы №15 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Алматы қаласының мемлекеттік бас санитар-дәрігерінің 23.04.2021 жылғы №16 қаулысының 1-қосымшасының 51-тармағына сәйкес, ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, отбасылық, естелік іс-шаралар, еске алу, конференциялар, форумдар, жиналыстар, көрмелер және басқа да іс-шаралар өткізуге тыйым салынғанын атап өткен жөн.

Баяндалғанның негізінде және қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес, сондай-ақ қоғамдық денсаулықты сақтау мақсатында жария тыңдау онлайн-режимде өтеді:

– Департаменттің Facebook-тегі ресми парақшасында (<https://www.facebook.com/dkrem.almaty>);

– ZOOM платформасында 621 558 5377 идентификаторы бойынша пароль 1234.

Департамент осы жария тыңдауға Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихаттың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін, сондай-ақ тұтынушыларды, тәуелсіз сарапшыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды қатысуға шақырады.

Анықтама телефондары: «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС – 8 (727) 356-04-58, Департамент – 8 (727) 272-24-76.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне

ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-62.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:

8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-62.



Бас директор
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
292-74-14.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 292-74-14

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 292-74-59.

WEB-редакция жетекшісі –
Асқар ҚҰБАЙЖАНОВ,
тел.: 292-74-27.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 292-74-21.
e-mail: d_kuanyshe@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 292-74-62. e-mail:
dalemesh@vecher.kz



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Әсел ДАҒЖАН**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде
тіркелген. Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов
көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



ВАКЦИНА ҚАУІПСІЗ БЕ?

ВАКЦИНАЛАР ҚАУІПСІЗ

Кез келген лицензияланған вакцина сынақтың бірнеше сатысынан мұқият тексеруден өтеді және осыдан кейін ғана пайдалануға жарамды деп танылады. Вакциналарды нарыққа шығарғаннан кейін олар тұрақты түрде қайта тексеру объектісіне айналады.

1406 COVID-19 ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ CALL ОРТАЛЫҚ

WWW.HLS.KZ

ВАКЦИНАНЫ ИНДЕТПЕН АУЫРҒАН АДАМДАРДЫ ЕМДЕУ ҮШІН ҚОЛДАНУҒА БОЛА МА?

КВИ-ға қарсы вакцинация профилактикалық мақсатта жүргізіледі.

Вакцинациялаудан өтудің негізгі екі себебі - **өзіңізді қорғау және айналадағыларды қорғау.**

Вакцинация денсаулық жақсы кезде ғана жүргізіледі, **аурудың белгілері болған кезде вакцинация жүргізілмейді.**

1406 COVID-19 ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ CALL ОРТАЛЫҚ

WWW.HLS.KZ

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ Сәт сапар, саяхатшы!



**Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ**

Алматылық Дамир Көшеев 3 мың шақырымнан астам жолды еңсеріп, өз турын ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнамақ ниетте.

Бүгінде ол соңғы дайындық үстінде. Ең бастысы, «болат аты» жолға сакадай сай. Жоспар бойынша жиһанкез сапарға бірер күнде шығады. Саяхатшы Түркия елін кездейсоқ таңдамаған.

– Түркия – Қазақстан Тәуелсіздігін бірінші болып мойындаған ел. Бауырлас халыққа еліміз туралы айту, бізге туристер тарту жоспарда бар. Қаниша күн кететінін нақты айта алмаймын. Шамамен – 3000 шақырым. Мен Стамбулға, Анталияға, Анкараға барамын. Ең бастысы, сондағы Абай ескерткіштерін түгел қамтысам деймін, – дейді саяхатшы.

Бұл алматылықтың алғашқы саяхаты емес. Өткен жылы ол ағасы Дәулетпен бірге «Абайға жол» жобасы аясында Алматыдан Семей маңындағы Жидебай ауылына дейін жаяу жүріп жеткен. Жаяу серуен 46 күнге созылып, еліміздің бес аймағын қамтыған.

Дамир саяхаттың оңай болмағанын айтады. Олар 1 жарым ай бойы үй бетін көрмей, күн сайын далада күннің астында, жаңбыр мен желде кем дегенде 18 шақырым жүріп отырған. Ағайындылардың күндізгі рекорды 39 шақырымды құрады. Арқадағы 35–40 келі

сөмкемен жаяу, тоқтаусыз жүріп отырудың қиындығы айтпаса да белгілі.

– Алматыдан ағам екеуіміз және волонтер екі жас жігіт төртеуіміз шықтық. Бізбен бірге олар екі апта жүрді, 400 шақырымнан астам жолды жүріп өтті. Сосын ойынан бас тартты. Дәулет екеуіміз ары қарай жүре бердік. Ағам да қатты қиналған кезінде бәрін тастап кетуді ойлады, бірақ ол менімен соңына дейін жету, жалғыз қалдырмау туралы анамызға берген сөзінде тұрды, – дейді «Абайға жол» жобасының авторы.

Олар 1200 шақырым жолды бір аяқкиіммен жүріп өткен. Аяқтарындағы спорттық киім соған шыдаған. «Енді тағы оншақты шақырым жол болғанда жалаңаяқ қалар едік» деп еске алды саяхатшы.

– Жолда көптеген қызықты, киелі орындарды араладық, қызықты адамдармен таныстық. Жол бойы біздің барлық ауыл қуанып қарсы алды. Халық соңғысымен бөлісуге дайын болды. Көпшілік біздің сапарымызды әлеуметтік желілерден бақылап отырыпты. Халықтың мейірімі таңқалдырды. Бір жол жөндейтіні жұмысшы бізбен суымен бөлісті, тіпті ақша ұсынды. Өскемендегі тағы бір жігіт бізбен хабарласып, не керек екенін сұрады да, кешке қажеттінің бәрін жолға алып шықты. Бәрі қонаққа шақырды, егер біз шақырған әр ауылға баратын болсақ, онда сапарымыз ұзай түсетін еді, – дейді саяхатшы.



Индонезиялық музыкант Наталино Мелла қазақтың әйгілі «Дайдидау» әнін көне аспапқа салып орындады.

2017 жылы Dimash Indonesia Dears фан-клубы барлық индонезиялық жанкүйердің ризашылығын білдіру үшін Димашқа сасандо аспабын сыйға беруді

Аронның «ақылды» күртешесі

IT факультетінің студенті Арон Қаратаев «ақылды» күртеше жасап шығарды. Ол орнатылған күн батареясының арқасында қыста тоңуға жол бермейді және ешқашан байланыссыз қалмайды, өйткені, оның көмегімен телефонды қайта зарядтауға болады.



Sunorak инновациялық курткасының атауы ағылшынның – sun (күн) және apogak (қалпағы бар күртеше) сөздерінің қосындысынан алынған.

Жас өнертапқыштың айтуынша, Sunorak сізге ұялы телефондарды ғана емес, басқа гаджеттерді де күн энергиясымен зарядтауға мүмкіндік береді. Ол алғашқы прототипті жасауға екі апта уақытын жұмсаған.

– Ішінде сізді жылытатын екі жылу элементі бар. Олардың максималды температурасы шамамен 40–45 градус, сондықтан олар ешқандай зиян келтіре алмайды. Қыста жақсы жылыта алады. Мен бұл күртешені мектепте оқып жүрген кезден бастап жасадым, бірақ толық жасап шығуға ақша болмады да, анам көмектесті. Бақытымызға орай, шығын көп болмады, – деді Арон.

Қақпақтан да қайыр бар

Павлодарлық оқушылар төрт жасар қыздың емі үшін пластик қақпақтарын жинады. Шараға 50 оқушы, педагогтер, еріктілер қатысты.

Әлеуметтік педагог, волонтер Фания Меньшикова «Қақпақтар өмірді құтқарады» еріктілер жасағының жетекшісі болды. Өткен оқу жылы бойы мектеп оқушылары 72720 теңге болатын 600 келіден астам қақпақ, 6000 теңгеге жуық 200 келі макулатура жинады. Акцияның ең белсенді қатысушылары Алуа мен Әмірхан Амангелдиновтар 53 келі қақпақ тапсырған. Барлық қаражат шұғыл ота қажет ететін 4 жасар Марат Айшаның емделуіне көмек ретінде берілді. Сондай-ақ, макулатурадан жиналған қаражат үйсіз жануарларды оңалту орталығына жіберілді.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

